*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің
"Менеджмент" кафедрасының доценті, э.э.к.*

А.С. Ахметова

*Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дің
"Менеджмент" кафедрасының магистранты*

Бүгінгі таңда әлемде табиғи ресурстарды өндірісте аз мөлшерде тұтынатын, бірақ қазіргі заманғы технологияларға, ғылыми сыйымдылығы жоғары өндіріске, біліктілігі жоғары мамандарға ие елдер алдыңғы қатарға шығып отыр. Бұл ұлттық бәсекеге қабілеттілікті қалыптастырудағы білім мен ғылым саласының маңыздылығының артуын сипаттайды. Білім өздігінен экономикаға тасымалданбайды және де ғылыми зерттеулер мен өңдеулерге немесе жоғары білімнің басқа да өнімдеріне салынған инвестициялардың оңтайлы қайтарым беретіндігіне ешқандай кепіл жоқ. Ғылыми-техникалық білімнің максималды деңгейде пайда әкелуі үшін "ұлттық инновация жүйесін", яғни инновацияны зерделеп, таратуға және енгізуге бағытталған кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығын кешенді жүйе шеңберінде дамыту қажет. ҰИЖ ұлттық, дәстүрлік, саяси, мәдени ерекшеліктерге ие және ол инновациялық үдерістерді қамтамасыз ететін құқықтық, қаржылық, әлеуметтік сипаттағы институттар кешені ретінде белгілі.

Кейбір ғалымдардың пікірі бойынша, ҰИЖ бұл инновациялық үдерістерді қамтамасыз ететін институттар (экономикалық, құқықтық, қаржылық сипаттағы) жиынтығы, сонымен қатар олардың арасындағы тығыз қарым-қатынас, өзара байланыс [1].

Ал, дамыған елдерде ҰИЖ ұлттық экономикада ғылыми білім мен технологияны өндірумен, коммерциаландырумен айналысатын өзара байланысты ұйымдар жиынтығы ретінде сипатталынады және де инновациялармен айналысатын ұйымдар моделінің көрнекті элементі ретінде іргелі зерттеулер орталығы университеттер, ұлттық ғылыми орталықтар мен лабораториялар, жеке ғылыми-техникалық ұйымдар, басқа да инфрақұрылымдар звенолары қарастырылады.

ҰИЖ-ді қалыптастырып, жүзеге асырудың өзі аса күрделі жұмыс. Себебі рыноктық экономика жағдайында ҰИЖ-дің негізгі құраушыларын іске қосу, маңызды ұйымдарды, ғылыми орталықтарды құру, оларды қаржыландыру бір күндік, бір айлық іс емес.

Қазақстанда инновациялық дамудың ұлттық жүйесі біртіндеп қалыптасып келеді, сондықтан біз үшін осы жолдан өтіп, айтарлықтай экономикалық, ғылыми-техникалық және әлеуметтік тиімділіктерге қол жеткізіп отырған елдердің тәжірибесі өте қызықты.

Көптеген елдерде инновациялық саясатты анықтайтын институционалдық жүйе бірнеше деңгейлі ұйымдастыру мен басқаруды біріктіреді. Мысалы, Норвегия мен Австралияның Ұлттық инновациялық жүйесі (ҰИЖ) алты деңгейден, Германия мен Ұлыбританияның ұлттық инновациялық жүйесі төрт деңгейден, Бельгия, Швейцария, Австрияда үш деңгейден тұрады. Норвегияда ҰИЖ-дің жоғарғы деңгейі мемлекеттің экономикалық саясатын жасайтын құрылымдардан құралса, екіншісі технология мен инновациялар саласындағы саясатты қалыптастырушы құрылымдардан тұрады. Үшінші деңгей инновациялық саясатты жүзеге асырып, зерттеулер мен әзірлемелерге бағыт беріп отырады. Төртінші деңгей ҰИЖ-ды атқаратын институттарды жинақтайды, ал бесіншісі технология диффузиясын жеңілдетумен айналысатын институттардан тұрады. Алтыншы деңгей жеке және мемлекеттік сектордағы кәсіпкерлік ортаны қалыптастырады.

Оңтүстік Кореяның ҰИЖ моделі мемлекеттік инновациялық саясатты жүзеге асыратын 30 сааладан тұратын қаржылық-өнеркәсіптік топтардың белсенді қатысуымен сипатталады. Ірі қаржылық-өнеркәсіптік топтардың үлестеріне өнеркәсіптік өндірістің 45%, жалпы мемлекеттік шығыстардың ҰИЖ-ға 58% үлесі тиесілі [2]. Үкімет қаржылық-өнеркәсіптік топтарға қаржылық және салықтық қолдау көрсетіп, оларды білікті мамандармен жабдықтап отырады. ҰИЖ дамыған елдерде мемлекет пен жеке сектордың тиімді әріптестігінің мысалы ретінде инновациялық үдерістің негізгі факторын айтуға болады.

Әлемдік тәжірибеге сүйенетін болсақ, бірде-бір елдің ұлттық инновациялық жүйесі дербес жеке сектормен құрылмаған, барлығында да бас-тамашылық мемлекет тарапынан туындаған. ҰИЖ-ді қарқынды дамыту мақсатында ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі № 387 Қаулысымен бекітілген "ҚР ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама" қабылданған.

Аталған бағдарламада 2015 жылға дейін осы салаға 139 795,13 млн. теңге көлемінде қаржы жұмсау жоспарланып отыр (1-кесте). Соның

ішінде республикалық бюджеттен - 77272,3 млн. теңге, жергілікті бюджеттен-

2112 млн. теңге және 60410,83 млн. теңге мөлшерінде отандық және шетелдік жеке капитал тарту жоспарланған [3].

"ҚР ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламада" ҰИЖ-дің негізгі элементтері қарастырылған. Олар: ғылыми әлует, инновациялық кәсіпкерлік, инновациялық және қаржылық инфрақұрылым. Осы ҰИЖ құрылымының негізінде автор тарапынан қосымша элементтер қарастырылды.

Венчурлік қорларға, инновациялық кәсіпорындарға өздерінің инновациялық жобаларын қаржы-

ландыру үшін ауқымды инвестициялар тарту қажет екені белгілі. Ал Қазақстанда қор биржасының дамымауы себебінен бос ақпалай қаржылар өз кезегінде тиімді-ау деген салаларға ауып кеткендігінің салдарынан құрылыс саласында "жасанды сабынды көбіктің" қалыптасуынан әкелді. Ол әрине өзінің шегіне жетіп, жарылды. Мұның салдарын қазіргі экономикалық ахуалдан да көріп отырмыз. Сол себепті Елбасының алға қойған маңызды міндеттерінің бірі ретінде қор биржасын жандандыру және халықты өздерінің меншікті қаржыларын тиімді пайдалануына дағдыландыру, қаржылық сауаттылығын көтеру арқылы да инновациялық жобаларды қаржыландыру мәселелерін де біржақты шешуге мүмкіндік туындайды.

1 кесте

Ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және дамытуға қаржы жұмсау

млн. теңге						
Жылдар бойынша						
	2005	2006	2007	2008–2010	2011–2013	2014–2015
1	2	3	4	5	6	7
Барлығы:	139795,13					
	11313,51	15824,94	11659,04	48782,67	31328,98	20885,98
Республикалық бюджет	77272,3					
	6654,9	10728,3	7403,53	30814,03	13002,9	8668,6
Жергілікті бюджет	2112					
	512	800	800	-	-	-
Жеке капитал	60410,83					
	4146,61	4296,61	3455,51	17968,64	18326,08	12217,38
Ескерту – [4].						

ҰИЖ құрылымын зерттеу аясының аса кең болғандығына байланысты оның жекелеген элементтерін, яғни инновациялық және қаржылық инфрақұрылымды бөліп қарастыруды жөн көрдік. ҰИЖ туралы зерттеулер автордың ғылыми мақалаларында да жарық көрді.

Инновациялық инфрақұрылым елдің экономикасын жоғары деңгейге көтеруге мүмкіндік беретін, инновациялық экономиканың негізгі құралы және механизмі. Инновациялық инфрақұрылым инновацияны жүзеге асыру үшін және инновациялық қызметті тиімді жүргізу үшін қажетті, өзара байланысты, бірінбірі толықтырушы өндірістік-техникалық жүйелердің, ұйымдардың, фирмалардың жиынтығы [5].

Инновациялық инфрақұрылымды құру ғылыми мекемелер мен өндірістің әріптестігін ұйымдастырудың институционалды механизм болып табылады. Инновациялық қызметтің тиімділігі инновациялық инфрақұрылымға тікелей байланысты. Инновациялық инфра-

құрылымды құру үдерісі ұзақ мерзім аралығын қамтиды. АҚШ, Германия, Жапония сияқты дамыған елдердің өзінде оны құруға 10-15 жыл уақыт кеткен.

ҚР ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес және біздің қарастыруымыз бойынша инновациялық инфрақұрылым мынадай элементтерден тұрады:

- ұлттық технологиялық парктер;
- өңірлік технологиялық парктер;
- технологиялық бизнес-инкубаторлар;
- ғылым қалашықтары немесе технополистер;
- еркін экономикалық аймақтар (ЕЭА). Инновациялық инфрақұрылым қатарында еркін экономикалық аймақтарды да қарастырғанды жөн деп санаймыз.

Ұлттық ғылыми-технологиялық парктер нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму үшін

басымдықты болып табылатын салаларды, өңірлерді, білім беру салаларын қарқынды дамытуды қамтамасыз ету үшін құрылады. Технопарктер жаңа прогрессивті технологияларды дамыту мақсатында құрылған арнайы экономикалық аймақтар, ғылыми, конструкторлық құрылымдардан тұратын ақпараттық, тәжірибелік-эксперименталды өндірістік базаға, білікті мамандарға ие кешен болып табылады.

Технопарктер шағын ғылыми-техникалық, өндірістік кәсіпорындардың қызметтерімен, шағын және ірі бизнес, ғылым мен өндіріс арақатынасын реттеу механизмімен байланысты инновациялық бизнеске бағытталған ірі ғылыми орталық болып саналады. Олар әдетте ЖОО-ның, ірі ғылыми орталықтардың аумағында немесе жақын маңында орналасады. Олардың аумақтарындағы инновациялық қызметті ынталандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес арнайы экономикалық аймақтар мәртебесі беріледі. Технопарктердің міндеті өнеркәсіп секторларында жоғары технологиялы компаниялар құру және оларды жетілдіру.

Ол үшін олардың енгізетін тауарлары, материалдары кедендік баж салықтарынан босатылып, патенттік қызмет көрсетумен қамтамасыз ету, технологиялық тізбек бойынша әріптестермен, банктермен, қаржылық институттармен қарым-қатынасты, өнімді рынокқа шығаруды қамтамасыз ету қажет. Парктерде корпоративтік салық 50% азайып, жер және мүлік салықтарынан, кедендік баж салықтарынан босатылған.

Өңірлік технопарктер инновациялық мүмкіндікті, өңірдің инновациялық қабілеттілігін айқындау, ашу және дамыту, өңір экономикасының инновациялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Қазіргі таңда Қазақстанда бірқатар технопарктер құрылған. Олар мыналар:

1. Батыс Қазақстан облысында орналасқан ЖШС "Алгоритм" технопаркі". 2007 жылдың 1 қазанындағы ақпаратқа сәйкес, технопарктің мәліметтер базасында 11 жобалық ұсыныстар бар. Осыған дейін Ұлттық инновациялық қорға (ҰИҚ) 13 жоба бағытталған. Технопарктің көмегімен 2 жоба "Аймақтық инвестициялық орталық" АҚ мен "Ғылым қоры" АҚ тарапынан қаржыландырылатын болды.

2. Қарағандыда орналасқан ЖШС "UNISCIENSTECH" технопаркі". Технопарктің мәліметтер базасында 2007 жылдың 1 қазанындағы ақпаратқа сәйкес, 41 жобалық ұсыныстар бар. Оның 13 Эксперттік кеңестің оңтайлы шешіміне ие болды. ҰИҚ-тың гранттық қаржыландырылуына 5 жоба ұсынылған, бірақ олардың барлығы кері қайтарылған.

3. Алматы қаласының ЖШС "Алматы өңірлік технопаркі". Технопарктің мәліметтер базасында 2007 жылдың 1 қазанындағы ақпаратқа сәйкес, 18 жобалық ұсыныстар бар. Технопарк Алматы облысында жалпы сомасы 1 млн. теңгені құрайтын "Талдықорған" индустриалық аймағын құрудың техникалық-экономикалық негіздемесін жасауға қатысады.

Инновациялық белсенділікті ынталандыруда

барынша жалпы ұлттық әсерге қол жеткізу үшін өңірлік технопарктерді дамыту мақсатында Шығыс Қазақстан облысы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Солтүстік Қазақстан облысы және Астана қаласында тағы төрт өңірлік технопарк құру бойынша белсенді жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ақпарат алмасу - білімдерді, технологияларды, ақпараттарды беру үдерістеріне негізделген инновациялық дамытудың шешуші факторының бірі болып табылады. Инновациялық үдерістерді кешенді, жүйелі түрде басқару үшін ҰИЖ-ді қажетті ортақ ақпарат жүйесімен қамтамасыз ету қажет. Ол үшін Қазақстанда ортақ ақпарат жүйесін құру керек. Осы мәселені шешу үшін Қазақстанда "Виртуалдық технопарк" инновациялық дамудың бірыңғай ақпараттық жүйесін (бұдан әрі "Виртуалдық технопарк" БАЖ) құру жоспарлануда. Ол Қазақстанның мемлекет ішіндегі, дәл сондай шетелдік серіктестерге индустриялық-инновациялық даму үдерістерінің жалпы кешенін ашып көрсететін болады.

Мемлекеттік институттардан жеке секторға "Виртуалдық технопарк" БАЖ шеңберінде ұсынылатын қызмет көрсетулердің көлемі мен бағытын назарға ала отырып, "Виртуалдық технопарк" БАЖ сервистері электронды Қазақстан Республикасының даму инфрақұрылымының мемлекеттік бағдарламасына енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы ақпараттық жүйе шеңберінде елдің ғылыми-техникалық әлуегінің картасы және мемлекеттік индустриялық-инновациялық саясатты қалыптастыру, іске асыру, оның мониторингі кезінде, сондай-ақ зерттеушілердің, кәсіпкерлердің, шетелдік инвесторлардың жұмысында пайдаланылуы мүмкін электрондық дерекқор құрылатын болады.

"Виртуалдық технопарк" БАЖ сапасын және оның алдына қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз ету қабілетін айқындайтын негізгі факторлар мыналар болып табылады:

ҰИҚ субъектілері қызметінің ақпараттандыру дәрежесі;

ҰИҚ арқылы субъектілер арасындағы өзара іс-қимылдың деңгейі.

Құрылып жатқан технологиялық парктерде инновациялық үрдістерді жолға қоюда шетелдік әріптестерге айрықша орын бөлінеді. Осы орайда Елбасы осындай басым бағыттағы жобаларға қатысқан компанияларды 5 жыл мерзімге Қазақстанның салық заңнамаларындағы корпоративтік және жер салығынан босататынын атап көрсетті. Қызмет көрсетуші технопарктер мен технологиялық бизнес-инкубаторлар жергілікті мемлекеттік басқару органдарында коммуналдық кәсіпорын ретінде құрылған. Бұл құрылымдардың негізгі мақсаттары бос тұрған өндірістік алаңдарды пайдалана отырып, еңбекке қабілетті адамдарды жұмыспен қамту. Бұл құрылымдар өндірістік және әкімшілік алаңдарды жалға беру; технологиялық құрал-жабдықтарды прокатқа беру; коммуналдық және коммуникациялық қызмет көрсетумен және басқа да қызметтермен айналысады.

Инновациялық компанияларды қаржыланды-

ру желісі бойынша технологиялық бизнес-инкубаторлар қаржыландырылатын жобаларды басқару ағымдағы мониторинг бойынша ҰИЖ агентінің функциясын орындайды. Технологиялық бизнес-инкубаторлар инновациялық орталықтар тектес қызмет атқарады. Олардың міндеті ғылыми-техникалық идеяны жүзеге асыруға қолдау көрсету болып табылады. Осы міндеттерді іске асыру үшін технологиялық бизнес-инкубаторлар білікті менеджерлердің, бухгалтерлердің, экономистердің және заңгерлердің штатына ие болады. Олар инновациялық кәсіпорындардың есеп шоты ашылған банкпен түрлі қаржылық операцияларды жүргізумен бухгалтерлік істерімен айналысып, қаржылық-экономикалық және құқықтық кеңес беріп отырады. Технологиялық инкубаторлардың қызметі инкубацияланатын шағын инновациялық компаниялар үшін тегін болады. Технологиялық бизнес-инкубаторлардың бірінші кезеңдегі инновациялық кәсіпкерлер мен инновациялық фирмаларға, ҒЗТҚЖ-ға мемлекеттік гранттарды алушыларға қызмет көрсетумен байланысты шығындарын тиісті даму институттарын капиталдандыру жолымен мемлекет өтейтін болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 ҚР Ғылым қоры // file:///C:/Documents%20and%20Settings/moti/Local%20Settings/Temporary%20Internet%20Files/Content.IE5/IBQBE5E7/284,5
- 2 Бурханов А. Основные тенденции развития мировой наук // Казахстан в глобальных процессах. - 2005. - № 2 (4). - С. 142.
- 3 ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 25 сәуірдегі № 387 Қаулысымен бекітілген ҚР ұлттық инновациялық жүйесін қалыптастыру және дамыту жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама. - Астана, 2005 // <http://www.zakon.kz>.
- 4 Тулегенова М.С. Социально-экономические факторы инновационного развития Казахстана // Қазақстанның ұлттық бәсекеге қабілеттілігі: теориясы, тәжірибесі, болашағы. Қазақстан Республикасының 15 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары, 7-8 желтоқсан 2006 ж. - Алматы: "Қазақ университеті", 2006. - 4.1. - 222-225 бб.
- 5 Аметистов Е.А., Дмитриев А.С. Высокие технологии - путь к процветанию // Инновации. - СПб. - 2004. - № 5. - С. 46-51.

АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Б.Қ. Кадиров, э.ғ.м.,

Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті

Жаңа Экономик және Жүйелік

Талдау Ғылыми зерттеу институты

Кіші ғылыми қызметкер

Агроөнеркәсіп кешені экономиканың негізгі салаларының бірі және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі ғана емес, мемлекеттегі қоғамдық-саяси тұрақтылық та осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Әлемдік азық-түлік нарығында туындаған дағдарыс пен оның салдары азық-түлік мәселесінің өзектілігін бұрынғыдан да салмақтап, дүниежүзілік экономикалық саясаттың алдыңғы қатарына шығарды. Азық-түлік тапшылығы қауіпін сезініп-түйсінген әлемнің барлық елдері, қазір өздерінің аграрлық саясатын шұғыл қайта қарап, тиісті өзгерістер енгізіп жатыр. Әсіресе өндіріс көлемін арттыру мен ішкі азық-түлік нарығын тұрақтандыру мақсатындағы мемлекеттің реттеу және қолдау көрсету ролін күшейтуге ерекше мән беріліп отыр.

Әлемдік экономиканың бір бөлшегі ретінде дүниежүзілік азық-түлік нарығындағы жағдай Қазақстан экономикасына да ықпал етіп, ішкі азық-түлік нарығында көрініс тапты. Бұл әсер бізде негізгі азық-түлік тауарлары бағасының күрт қымбаттауы мен сыртқы нарыққа жаппай экспортталуы нәтижесінде ішкі қордың күрт азаюынан байқалды. Уақытында алдын алу шараларын қолданып, мемлекет жалпы

ішкі азық-түлік нарығының тұрақтылығын сақтап қалды. Дегенмен, осы жағдай біздің аграрлық саланың "әлсіздігін", әлемде орын алатын қауіпті құбылыстарға төтеп беретін ешқандай мүмкіншілігінің жоқтығын тағы бір рет ашып көрсетті. Біздің ел үшін әлемдік дағдарыстың әсерін дәл болжаған Мемлекет басшысы өзінің Қазақстан халқына арнаған биылғы Жолдауында аграрлық саланы одан әрі дамыту қажеттігіне ерекше назар аударып, еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нақты тапсырмалар берді.

Елбасы тапсырмаларына сәйкес 2014 жылға дейінгі агроөнеркәсіп кешенін дамытудың салалық бағдарламасына өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Енгізілетін өзгерістердің негізгі айырмашылығы саланы мемлекеттік ынталандырудың жаңа аса тиімді құралдарын қарастыратын аграрлық сектордағы мемлекеттік қолдау құралдарының қайта құрылуы болады.

Соңғы жылдары елде агроөнеркәсіп кешенінде мәнді нәтижелерге қол жеткізілді: өндірістің тұрақты өсімі қамтамасыз етілді, өнімділік пен еңбек өнімділігі ұлғаяуда, негізгі азық-түлік өнімдері бойынша өзін-өзі қамтама-

сыз етуге қол жеткізілді.

Бұл арада бір жағынан әр аймақтың табиғи-климаттық ерекшеліктерін ескере отырып, сол аймаққа ең тиімді деген дақылдарды таңдауымыз қажет, екіншіден, қазір ішкі нарықтың сұранысы толық қамтамасыз етілмей отырған дақылдарды жеткілікті мөлшерде өсіруді қамтамасыз етуге тиіспіз. Мұны ынталандыру үшін мемлекеттік реттеу және қолдау шаралары пайдаланылуда. Атап айтқанда отандық өндіріс ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз ете алмай отырған майлы дақылдарды, жеміс-жидек пен бақша өнімдерін, қант қызылшасы, күріш пен жүзім өсіруге берілетін субсидия мөлшері елеулі ұлғайтылды. Бұл шаралардың қазірдің өзінде нәтижесін бере бастады. Тауар өндірушілер өткен жылдың өзінде майлы дақылдардың алқабын 191,7 мың гектарға немесе 28,5 %-ға, жеміс-жидек, бақша және жүзім егу көлемін 4,7 мың гектарға немесе 10,3 %-ға, қант қызылшасын егуді 5,6 мың гектарға немесе 40,9 %-ға көбейтті.

Егіншіліктің ең басты проблемалары бұл - астық сақтау қоймаларының жетіспеуі, экспортқа шығару жағын мемлекет тарапынан дұрыс ұйымдастырылмау себебімен нарықта тұрақты орнын табалмауы, транспорттық тасымалдау жағы ақсап тұрғаны ауыл шаруашылық кәсіпкерлерге қиындық туғызуда. Егіншіліктің ең басты проблемаларының бірі - топырақ құнарларының азаюы екенін ескере отырып, алдағы уақытта мемлекет тарапынан құнарлылықты қалпына келтіру мен арттыруға ерекше мән беретін боламыз. Осы мақсатта келесі жылдан бастап топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға ынталандыру шараларын қолға алу, бұл үшін осы мәселені бөлек бюджеттік бағдарлама ету жоспарланып отыр. Осы шара арқылы біз топырақты минералды тыңайтқыштар арқылы құнарландыруды екі есеге арттырмақ. Бұл үшін отандық зауыттардың минералды тыңайтқыштарды ішкі нарыққа қажетті мөлшерде өндіруі мен оны ауылдағы тауар өндірушілерге жеткізуді қамтамасыз ету мәселесі қазір жан-жақты қарастырылып жатыр.

Ішкі нарықты бақша өнімдерімен қамтамасыз ету мәселесі әлі де егін шаруашылығының ең осал тұсы болып қалып отыр. Бақша дақылдарын өндіру көлемі тұтастай алғанда еліміздің қажеттілігін толық жабуға жететінін сараптама көрсетіп берді. Бірақ, маусымаралық кезеңде аталған өнімдердің тапшылығы туындап, бұл өз кезегінде бағаның өсуіне, сол арқылы инфляция көрсеткішінің артуына себеп болады. Біз бұл мәселені шешуді өнім сақтайтын қоймаларды салу, бақша дақылдарын өсіретін жылыжайларды арттыру арқылы шешуге болады деп жоспарлап отырмыз. Қазір республика бойынша барлық жылыжайлар қажеттіліктің 9,3 %-ын ғана құрайды, сонымен қатар көкөніс-жеміс сақтайтын қоймалардың тапшылығы да білініп отыр. Сондықтан мемлекеттік реттеу және қолдау шараларын дәл осы проблемаларды шешуге бағыттау жоспарланған. Атап айтқанда, "ҚазАгро" Ұлттық Холдингі" АҚ жаңа жылыжайлар мен бақша өнімдерін сақтайтын қоймаларды салу мен бұры-

нғыларын қайта жөндеуге арналған және оларды арнайы құрал-жабдықтармен жабдықтауға бағытталған бизнес-жобаларды жеңілдетілген шарттармен қаржыландыруда. Шаруашылықтардың сұрауы бойынша бұл шара тікелей қаржыландыру әдісімен де, техниканы лизингке беру әдісімен де іске асырылып жатыр. Қолға алынған осы шаралар енді 5-6 жылда ішкі нарықты көкөніс өнімдерімен жыл бойы үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік бермек. Біз қазір дәл осындай шараларды жеміс-жидек пен жүзім өсіру салаларында да қолдануды жоспарладық. Бүгінде бар баулар мен жүзімдіктердің басым бөлігі ертеде егілген, ағаштар қартайғандықтан өнімділігі төмен. Осыған байланысты жаңа плантациялар егуді өрістетіп, оларды жеміс беретін шағына дейін күтіп баптауға мән беру керек. Бұл арада біз дақылдарды күтіп-баптау мен жемісті жинауды механизацияландыруға және замануи агротехнологияларды кеңінен пайдалануға мүмкіндік беретін интенсивті бауларды көбейтуге басты назар аударыла бастады.

Ауыл шаруашылық дақылдарын өндіруді дамытудың үлкен мүмкіндігі егін егудің ылғал және қор сақтау технологияларына жашпай көшуде жатыр. Қазір егістік жерлердің 60 %-ға жуығы осы технологиялармен өңделеді. Ол үшін бірінші кезекте лизингтік бағдарламаны одан әрі кеңейту арқылы ауыл шаруашылық құрылымдарының техникалық жарақтануын жақсартуға тиіспіз. Сондай-ақ тыңайған жерлерді жаңадан игеру сияқты экстенсивті даму факторлары да біздің үлкен резервіміз деуге болады. Қазақстандағы 5,5 миллион гектар тыңайған жер бар, біз олардың 2,0-2,5 млн гектарын немесе 36 %-ын айналымға қосуды қарастырып отырмыз. Қазір пайдаланылып жатқан 19,8 млн гектар егіс алқабымен қосып есептегенде бұл жер пайдаланудың ең тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Сондай-ақ мал шаруашылығын интенсификациялау бағытында да ауқымды жұмыстарды атқару міндеті тұр. Қазір бұл саланың бәсекеестік қабілеті орта деңгейде екенін мойындауға тиіспіз. Бүгінде еліміздегі барлық мал басының 80%-ға жуығы қосалқы шаруашылықтардың еншісінде, мал өнімдерін өндірудегі орта және ірі тауарлық өндірістің үлесі өте төмен. Мысалға республикадағы мал басының 5-7 %-ы ғана асыл тұқымды, бұл дамыған елдердегі көрсеткіштен 6 есе аз. Сондықтан мал шаруашылығында біз бірінші кезекте өндірісті ірілендіру мен малдың генетикалық әлеуетін арттыруға маңыз беруіміз қажет. Осы екі мақсатқа ұсақ тауар өндірушілерді біріктіру және ғылыми негізделген сұрыптау-асылдандыру жұмысын жүйелі жүргізу арқылы қол жеткіземіз. Бұл процесі жеделдету үшін шетелдерде селекциядан өткен жоғары өнімді асыл тұқымды малдармен жабдықтаған замануи мал өсіру кешендерін салу жөніндегі арнайы бағдарламалар іске асырылатын болады. Осындай 2 сүт кешені бытыр салынып бітіп, тауар өндірушілерге лизингке берілген болатын. Биыл тағы осындай 6 сүт кешені пайдалануға беріледі. Сөйтіп 2012 жылға дейін елімізде салынатын замануи сүт кешен-

дерінің саны 20-ға жетіп, оларға шетелдерде селекциядан өткен 30 мың сиыр әкелінеді. Бұл бірінші кезекте өңдеу өнеркәсібіне сапалы шикізатпен қамтамасыз ету мәселесін толық шешеді. Екіншіден қазір шетелдерден экспортталатын терең өңделген сүт өнімдерін отандық тауарлармен ығыстырып шығаруға мүмкіндік береді. Бір жағынан Қазақстанда мал басын көбейту мәселесін тек асыл тұқымды малды импорттаумен ғана шеше алмаймыз, және де асыл тұқымды малдың импорты - бұл қымбат іс-шара, оның есебінен мал басын ауқымды жаңарту мүмкін емес. "Біз үшін әкелінген асыл тұқымды мал өзегі ретінде пайдаланып, бізге қатты жетіспейтін асыл тұқымды репродукторларды құру және оларды ірі масштабты селекция үрдісіне тарту маңыздырақ, өйткені өтпелі кезеңде селекциялық-асыл тұқымды жұмыстың әлсіреуінен біз отандық тұқымның асыл тұқымды өзегінің басым бөлігін жоғалттық".

Ет өндірісінде өнімін экспортқа шығаруға негізделген замануи мал бордақылау кешендерін салуға баса назар аударылады. Өткен жылы осындай 2 кешенді пайдалануға берілген болатын, ал биылғы жылы тағы 3 кешен қолданысқа беріледі деп жоспарлануда.

Бұл арада мал шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау шаралары дәл осындай жобаларды ынталандыруға негізделетінін атап өткен жөн. Біздің есебіміз бойынша осы шаралардың арқасында 2012 жылға қарай асыл тұқымды малдың үлесі екі есеге дейін көбейіп, орта және ірі тауарлық фермаларда өндірілетін мал өнімдерін жалпы өндірістің 30 %-на дейін жеткізу мүмкіндігін көрсетіп отыр. Бұл қазақстандық ет өнімдерін әлемдік нарыққа кеңінен шығаруға жағдай туғызады. Алдағы жылы "Мал шаруашылығын мемлекеттік қолдау екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі - асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдау. Бұл мақсаттарға республикалық бюджеттен 8,4 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаражаттар ірі қара малдардың, қойлардың, жылқылардың, түйелердің асыл тұқымды төлдерін, сонымен қатар жұмырт-

қаларды және тәулікті балапандарды сатып алуға арналған".

Сонымен қатар "Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы" заңға түзетулер енгізу арқасында, 2012 жылы субсидиялаудың жаңа түрлері енгізілуде. Алғаш рет селекциялық және асыл тұқымды жұмыстарды жүргізумен байланысты шығындар құнын ақырындап арзандатуға субсидиялар ұсыну, және ірі қара малдардың аналық мал басы құрамын сапалық жағынан жақсарту қарастырылған. Бір сиыр басына субсидия көлемі 12 мың теңге құрайды. Асыл тұқымды бұқаларға арналған субсидиялар бір бұқа басына 47 мың теңге көлемінде төленеді. Сонымен қатар, 2011 жылғы 50 мал басы орнына, ірі қара малдардың 30 аналық мал басына дейін шырынды және құнарсыз жемшөп құнын арзандату субсидиясының бағыты бойынша белгілер төмендетілген. Норматив бойынша бір мал басына 4,5 мың теңге келеді. Экономикамыздың ауыл шаруашылық саласын дамыту бойынша мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлінуде, осыны әрбір кәсіпкер мен шаруа қожалық иелері ұтымды да, тиімді пайдаланып ел экономикасына оң әсерін тигізіп дайын өнім көлемін арттырса, бұл нұр үстіне нұр болар еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған "Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту-Қазақстан дамуының басты бағыты" атты Жолдауы .27.01.2012ж.
2. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпына Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" атты Бағдарламасы.
3. Кужиев Б.С. Мемлекеттік реттеу жүйесінде аграрлық өндірісті дамытудың экономикалық механизмі. Алматы, 2009 ж.
4. <http://www.edu.gov.kz>.
5. <http://www.inform.kz>.
6. www.stat.gov.kz.

ИННОВАЦИОННАЯ АКТИВНОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЙ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Ф.И.Бокижанова., к.э.н., доцент
кафедры "Менеджмент"

КарГУ им.Е.А.Букетова

Е.Б. Романько к.э.н., доцент
кафедры "Менеджмент"

КарГУ им. Е.А.Букетова

Инновационная деятельность Казахстана, базирующаяся на внедрении новых идей, научных знаний, технологий и видов продукции в различные области производства и сферы управления обществом относится к числу важнейших факторов развития экономики республики.

Все виды деятельности, включая и инновационную, должны быть ориентированы на какой-либо результат, т.е. характеризоваться определенной результативностью и эффективностью, поскольку требуют затрат ресурсов и приводят к некоторому результату.

Характеризуя активность следует отметить,

что это характеристика деятельности фирмы, которая должна показать связь между намеченным содержанием деятельности и её результатами и она объясняется поведением фирмы при реализации планируемых действий. Таким образом, с одной стороны, разрабатывается план определенных действий по улучшению конкурентных позиций, что позволяет после совершения этих действий получить либо положительный, либо отрицательный результат. При одних и тех же планах, стратегиях, целях, потенциале руководители различных фирм достигают разных результатов, что связано с их неодинаковой активностью. Именно различия в инновационной активности объясняют разные инновационные результаты при одинаковых исходных данных.

Инновационная активность характеризует следующие черты инновационной деятельности фирмы:

Во-первых, инновационная деятельность должна носить стратегический характер и быть управляемой в реальном масштабе времени (поскольку резко увеличилась нестабильность внешней среды). Стратегический подход обеспечивает высокое качество инновационной деятельности.

Во-вторых, инновационная деятельность должна в текущем времени быть рациональной как по последовательности действий, так и по их своевременности, что обеспечит требуемую по ситуации динамичность инновационной деятельности, определенные темпы проведения необходимых действий и изменений. В противном случае инновационная деятельность будет просто ненужной и даст негативные последствия.[1.с.15]

В стратегическом плане инновационную активность можно охарактеризовать такими частными показателями, как:

- качество инновационной стратегии организации;
- уровень мобилизации или использования инновационного потенциала;
- размер привлеченных капиталовложений- инвестиций;
- качество методов, используемых при проведении инновационных изменений;
- обоснованность реализуемого уровня инновационной активности.

Как интегральный показатель инновационная активность имеет собственные признаки, характеризующиеся данными рисунка 1.



Рисунок 1. Признаки инновационной активности субъекта инновационной деятельности

Диапазон активности или агрессивности инновационной стратегии можно определить,

используя разработки И.Ансоффа и Ж.- Ж.Ламбена (таблица 1) [2.с39].

Таблица 1

Диапазон активности или агрессивности инновационной стратегии

Наименование уровня	Индекс	Содержание уровня	Характер нововведений
Стабильность, устойчивость, постоянство	S	Уровень агрессивности (активности), основанный на опыте прошлой деятельности	Установившиеся рынки освоенной продукции
Реактивность-reactivity, реактивная reactive	R	Уровень агрессивности (активности), основанный на экспертных знаниях	Расширение знакомых рынков; Возрастающая адаптация продукции
Предвидение (предвидящая), предварение, упреждение - advance	A	Уровень агрессивности (активности), основанный на предвосхищении событий путем экстраполяции	Расширение за счет смежных рынков; Освоение смежной продукции, основанное на знакомой технологии
Исследование -exploration, исследующая -exploratory	E	Уровень агрессивности (активности), основанный на новых ясных альтернативах	Расширение за счет новых рынков; концепция новой продукции; Внедрение новых технологий
Творчество- creation, творческая - creative	C	Уровень агрессивности(активности) , основанный на творческом подходе	Открытие новых рынков; создание новых образцов продукции, новых технологий

Инновационная активность может, как содействовать достижению инновационной цели и снижению целевых рисков, так и играть негативную роль, поскольку инновационная активность непосредственно влияет на все результаты деятельности фирмы.

Под непосредственным влиянием фактора инновационной активности возникают различные риски, например: когда из-за некачественного мониторинга внешней среды или развития внутренней среды система стратегического управления пропускает слабые сигналы и несвоевременно идентифицирует стратегическую ситуацию, что характеризует ситуационный риск. Помимо ситуационного риска могут возникнуть и другие виды рисков: поведенческий, стратегический, мобилизационно-ресурсный, методический, риск необоснованного уровня стратегической активности.[3с.45]

Соответствующий уровень инновационной активности отражается на качестве и интенсивности мобилизации потенциала. С помощью современных методов управления, можно привлечь скрытые до этого резервы и тем самым получать дополнительные внутренние конкурентные преимущества перед приоритетным конкурентом.

По сути дела, инновационная активность трансформирует потенциальные возможности в реальную конкурентную силу. И от качества этой трансформации зависит конечный успех.

Сегодня Казахстану необходимо искать новые направления экономического развития. Для повы-

шения конкурентоспособности страны на мировом рынке нужно активно развивать высокотехнологичные отрасли и строить эффективную национальную инновационную систему, которая без инновационной активности предприятий невозможна.

В 2020 году Казахстан должен иметь все признаки и атрибуты работающего государства инновационного типа.

В рамках новой инновационной политики государство выделяет три приоритета: высокие технологии (в том числе нано-, био-, информационные технологии), "зеленые" технологии и альтернативную энергетику.[4.]

Важным направлением поддержки новой инновационной политики в Казахстане может стать развитие прорывных точек "инновации будущего". Пока в качестве таковых определены две структуры. "Назарбаев Университет" в Астане должен стать системообразующим инновационно-интеллектуальным кластером Казахстана, его научные центры должны заложить основу научной системы.

В перспективе нужно придать всем имеющимся в стране технопаркам и зонам характер инновационного типа с учетом местных возможностей.

Список литературы:

1. Медынский В.Г. Инновационный менеджмент: Учебник-М.:ИНФРА-М., 2004-295с.
2. Кокурин Д.Н. Инновационная деятельность- М.,Экзамен,2001-с.113
3. Каренов Р.С. Инновационный менедж-

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІ

С.К.Ержанова, э.ғ.к.,

"Менеджмент" кафедрасының доценті

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

А.А.Ибраева

"Менеджмент" мамандығының магистранты, 1 курс

Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Дүние жүзінде жаһандану үрдісінің күрделенуіне байланысты бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыруда әрбір мемлекет өзінің ұлттық инновациялық жүйесі мен инновациялық инфрақұрылымын дамытуға көп көңіл беріп отыр. Ұлттық экономикасы қалыптасқан және дамыған елдердің тәжірибелеріне сүйенсек, олардың қол жеткен жоғары жетістіктеріне инновациялық инфрақұрылымның оң әсер еткенін байқаймыз. Олардың әлемдік нарықтағы үлесі де қомақты. Сондықтан да, дамыған елдердің қатарына кіруге талпыныс білдіріп отырған Қазақстанның өзінің мүмкіндіктері мен стратегиялық мақсаттарына сай ұлттық инновациялық жүйесі мен инфрақұрылымын дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Әлемдік экономиканың қарқындап дамуы - адами және интеллектуалдық ресурстардың нәтижелі еңбегінің жемісі екені белгілі. Қазіргі заманғы талабына сай дамыған елдерде тиімді әзірлемелер жүйесі және түрлі қызмет сфераларына жаңа технологиялық шешімдерді енгізуге негізделген инновациялық экономикаға өту үрдісі байқалады. Сонымен бірге, табиғи ресурстардың байлығын пайдалану маңызды болған уақыт өтіп бара жатыр, оның орнына экономиканың технологиялық тұрғыдан дамуын тездету, үдету мақсатында тиімді тетіктерді қолдану мүмкіншілігі үлкен мәнге ие болып отыр. Арзан, сапасы төмен еңбекке негізделген өндіріс кезеңі аяқталуда. Дәл қазіргі қоғам - адамның интеллектуалдық ресурстарына, оның инновацияларды қабылдауы мен жүзеге асыру қабілетіне негізделген қоғам болып қалыптасуда.

Өнеркәсібі жан-жақты дамыған елдер индустриалдық әлеуеті қалыптасқан топқа кіреді. Дәл осы топ құрамына кірудің арнайы ережемен белгіленген шарттары да бар. Солардың қатарына, өнеркәсіптік өнімнің жылдан-жылға артуы, тек оның көлемінің ғана емес, сапалық және ассортименттік құрамының да көбеюі, шикізаттық сектордың жалпы экономикадағы үлесінің қысқаруы сияқты және басқа да көрсеткіштер бойынша нәтижелі болу жатады. Мұның барлығы да инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мәселесіне жете мән беріп, оны

мемлекеттің арнайы стратегиялық мақсаттарының бірі етіп белгілеуді міндеттейді [1].

Инновациялық инфрақұрылым - өндірісте қолдау тауып, нақты өнім, қызмет, жұмыс түрінде көрініс табуына дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын іс-шаралардың жүруіне ыңғайлы жағдай жасайтын, қажетті жұмыстар мен қызметтерді орындайтын ұйымдар жиынтығынан тұрады.

Инновациялық инфрақұрылымның негізгі міндеті инновациялық өнім өндірумен (қызмет көрсету, жұмыс орындау) айналысатын кәсіпорындарға қолдау көрсету деп топтасақ, онда инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру мемлекеттің техникалық, технологиялық, экономикалық, қаржы, әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге оның әлемдік экономикадағы негізін көтеруге де, сыртқы нарыққа шығып, ондағы өзінің орнын табуға немесе иеленуге де мүмкіндік жасайды деген шешімге келуге болады.

Инновациялық инфрақұрылымның экономикалық маңызы елдің экономикалық даму стратегиясын айқындаумен, қосымша құнмен жоғары өнімдер өндірумен, шағын инновациялық кәсіпкерлікті жандандырумен және т.б. анықталады.

Қазақстанның ұлттық инновациялық инфрақұрылымының қазіргі жағдайы республиканың экономикалық дамуының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Олардың қатарына әлемдік нарықтағы көмірсутек шикізатына бағаның күрт өсуі, қара және түсті металл өнімдеріне деген жоғары сұраныс, осыған байланысты қаржылық және коммерциялық кәсіпкерліктің қанат жаюы, еліміздегі табиғи ресурстарды игеруге қатысы бар халықаралық байланыстардың нығаюы сынды факторларды жатқызуға болады. Әйтсе де, бұл ерекшеліктер әлі де болса ұлттық экономиканың біржақты дамып отырғанын көрсетеді. Өйткені тек шикізатқа ғана бағытталған экономиканың белгілі бір кезеңде құлдырау қаупі жоғары болатыны белгілі. Бұның салдарын қазіргі кезде орын алған әлемдік қаржы дағдарысынан да байқау қиын емес [2].

Елдегі инновациялық инфрақұрылым оның субъектілерінің өзара байланысқан түрде

тиімді жұмыс жасауына және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізушілерге кешенді қызмет көрсететін ұйым ретінде қалыптасуына жеткілікті деңгейде ықпал ете алмай отырғандығы анық. Атап айтқанда:

- инновациялық инфрақұрылым элементтерінің жұмысындағы тәжірибенің аздығы. Бәрімізге белгілі - тәжірибе тек іс барысында шыңдалады, ал инновациялық орта мен инновациялық нарықтың қалыптаспауы инфрақұрылым элементтерінің жетуіне қол байлау болып отыр;

- инновациялық әлеуеті бар аймақтардың географиялық алшақтығы, осыған сәйкес оларды түгел қамту мүмкіндігінің болмауы. Қазақстан Республикасы территориясында орналасқан елді-мекендердің бір-бірінен қашық орналасуы олардың арасындағы экономикалық, шаруашылық, ғылыми, өндірістік байланыстарды қарқынды түрде жүруіне қолайлы жағдай туғыза бермейді. Сондай-ақ, еліміздегі өңірлер мен өнеркәсіп салаларының біркелкі дамымауы да инновациялық инфрақұрылым элементтерін кешенді дамытуға мүмкіндік бермейді;

- жеке сипаттағы инновациялық белсенділіктің тым төмендігі және өндірістік сипаты жоқ салалардағы (сауда-саттық, қызмет көрсету, қаржылық сектор, т.б.) табыстылықтың жоғары болуы. Бұл құбылысты экономистер "экономиканың біржақты дамуы" деп атап жүр. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, көптеген инновациялардың пайда болуы мемлекеттік емес ұйымдар мен орталықтардың, өндірістердің ықпалынан және белсенділігінен туындайды. Яғни, инновацияның пайда болуына мүдделі топтар белсенділік танытуы тиіс. Ал ұлттық экономикада мұнай-газ, металлургия, отын-энергетика, құрылыс сынды салалардың шектен тыс жоғары табыстылықты қамтамасыз етуі басқа салалардың дамуына үлкен тосқауыл болып отырғаны жасырын емес;

- инновацияға бейімді салалар туралы ақпараттың аздығы. Әдетте, көптеген дамыған елдерде инновацияға қызығушылығы бар тұлғалар үшін мемлекет инновациялық сипаттағы ақпараттарды таратып, олар үшін жасалған қолайлы жағдайларды туралы кеңестер беру орталықтарын құрады. Айта кету керек, Қазақстан Республикасында да елдің инновациялық белсенділігін арттыруға, инновациялық қызметтер көрсетуге жауапты ұйым бар - ол ҚР Ұлттық инновациялық қоры. Әйтсе де, бұл қордың қазіргі кезде инновация саласының шын жанашыры болып отырғаны шамалы. Көбіне инновациялық жобаларды қаржыландырумен айналысып отырған бұл қор инновацияларға қатысты басқа да ақпараттарды таратуға, олар туралы кеңестер беруге, ғалымдардың қызығушылығын оятуға деген талпыныстары әлі күнге байқалмайды;

- елімізде инновациялық нарықтың қалыптаспауы. Басқаша айтқанда, ішкі нарықта инновацияларды дайындайтын және оларды тұты-

натын мүдделі топтардың және осы бағытта қызмет көрсететін ұйымдар мен орталықтар жүйесінің дамымауы. Қазіргі кезде еліміздегі инновациялық инфрақұрылым элементтері нақты өндіріспен байланыс жасамай-ақ өздерінің қызметтерін жетілдіргісі келеді. Ал өндіріске икемі жоқ инновациялардың сұранысқа ие болуы да белгісіз.

Осы айтылғандарды ескеретін болсақ, онда инновациялық инфрақұрылымның ұлттық экономика үшін тиімділігін қалыптастыратын және нәтижелі жұмыс жасайтын тетігін қалыптастыру қажеттілігі туындайды.

Инновациялық инфрақұрылымның ұлттық экономикадағы орны мен маңызын анықтау үшін оның мамандандырылған субъектілердің қазіргі жағдайы мен инновациялық белсенділіктері ғылыми тұрғыда бағаланды.

Технологиялық парктер - өнертапқыштарға арнайы маманданған қызмет түрлерін көрсету аясында инновацияларды ойлап табуға және оларды өндіруге арналған сервистік және өндірістік база болып есептеледі. Технопарктерде жаңа әзірлемелерді және қазіргі құрал-жабдықтар өндірісін құру мен игеру бойынша тапсырыстарды орындайтын серпінді технологиялары бар кәсіпорындар орналасуы тиіс.

Елімізде 2009 жылға дейінгі кезеңде ұлттық және өңірлік үлгідегі оннан астам технопарктер құрылып, тіркеуден өткен. Соңғы жылдары өңірлік технопарктерден "Алматы аймақтық технопарк", Орал қаласындағы "Алгоритм" технопарк, "UniScienTech" Қарағанды аймақтық технопарк, Өскемен қаласындағы "Алтай" аймақтық ғылыми-технологиялық парк, Ақтөбе қаласындағы "Ақтөбе" аймақтық индустриалды технологиялық парк, Қызылорда қаласындағы "Қызылорда" технологиялық парк жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері құрылды. Бұл қатарға жоғары оқу орындарының аумағында ұйымдастырылған технопарктерді де (Аль-Фараби атындағы ҚазҰУ, Қ.Сәтбаев атындағы ҰТУ, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік техникалық университеті) жатқызуға болады. Ал ұлттық технопарктердің қатарына Алматыдағы "Alatau IT City Management" ақпараттық технологиялар парк, Ұлттық индустриалды мұнай-химия технопарк (Атырау қаласы), "Тоқамақ" ядролық технологиялар технопарк (Курчатов қаласы), Ғарыштық мониторинг технопарк (Приозерск қаласы), "Прогресс" биотехнология технопарк (Степногорск қаласы) кіреді.

Дегенмен, еліміздегі инновациялық белсенділіктің төмен болуы технопарктер санының өспеуіне және құрылғандарының жұмыс белсенділіктерінің қарқын алмауына себеп болып отыр [3].

Инновациялық инфрақұрылымды дамытуға қажетті жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру осы инфрақұрылымды құрайтын әрбір элементтің белсенділігі мен тиімділігін арттыру үшін қажет. Өйткені, салық, несие, мемлекеттік қаржыландыру сияқты теті-

ктерді қолданбай, экономикалық шараларды заңдық-құқықтық қамтамасыз етпей, инновациялық инфрақұрылым элементтерінен жағымды нәтиже күту орынсыз.


Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, инновациялық инфрақұрылымға қажетті жағымды экономикалық ортаны қалыптастыруда мемлекет жеке сектормен ынтымақтастық орната алады. Осындай ынтымақтастықтың неғұрлым ұтымды мысалдары Жапонияда, Швецияда, Түркияда және соңғы отыз жылда өздерінің инновациялық жүйелерінде ірі жетістіктерге жеткен басқа да елдерде бар.

Еуропа елдеріндегі мемлекеттік университеттерде жеке сектордың белсенділігін қолдайтын ғылыми-инновациялық инфрақұрылым элементтері қалыптасқан. Бұл міндетке сай уни-

верситеттер шағын және орта қалалардың қоғамдық жүйедегі өзіндік орнын қалыптастыратын ғылыми бастамаларын сараптап, оларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Дәл осы әдіс Қазақстандағы шағын қалалардың мәселелерін шешуге жақсы үлгі бола алады.

Инновациялық инфрақұрылымның жағымды экономикалық ортасының құраушыларын суреттен көруге болады.

Инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің қызмет ету тиімділігін арттыру олардың өзара байланысын жетілдіру арқылы жүзеге аспақ. Инновациялық инфрақұрылымның әрбір субъектісінің дамуы басқа элементтердің дамуымен тығыз байланысты екенін ескерсек, онда оларды кешенді түрде қолдау арқылы ғана оң өзгерістерге жетуге болады.



Сурет - Инновациялық инфрақұрылымның жағымды экономикалық ортасының құраушылары

Сондықтан да, аталған жүйенің ұлттық экономика үшін тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін экономикалық механизмді дайындау бүгінгі күннің талабы сай келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Казахстан в процессе реализации стратегии индустриально-инновационного развития экономики. // Экономика и статистика.2007.,

№4, 91 с.

2. Аманбаев У.А. Актуальные проблемы индустриально-инновационного развития Республики Казахстан. // АльПари, 2007, №3-4.

3. ҚР Білім және ғылым министрлігінің отырысына дайындалған "Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық дамытуды басқару құрылымы" презентациясы, ҚР БҒМ мәліметтері бойынша. //www.science-fund.kz/

ПРИНЦИПЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ В УСЛОВИЯХ МОДЕРНИЗАЦИИ ЭКОНОМИКИ

Ф.И.Бокижанова, к.э.н., доцент

кафедры "Менеджмент" КарГУ им.Е.А.Букетова

А.Жауымбаева, магистрантка

кафедры "Менеджмент", КарГУ им.Е.А.Букетова

Для того, чтобы предприятие процветало и расширялось, нужны четкие принципы стратегического управления, первый из которых - постановка цели или целей.

Стратегические цели - это основные направления деятельности фирмы, ведущие к выполнению ее миссии и видения. На практике их может быть от двух до десяти в зависимости от размера фирмы, объема имеющихся у нее необходимых ресурсов, качества менеджмента. Эти цели могут быть глобальными (общими) и локальными (частными).[1,с.7]

Сформулированные цели в последующем воплощаются в жизнь посредством реализации соответствующих задач. Получаемые решения задач призваны показать, где фирма будет находиться через год и более на пути к осуществлению провозглашенной миссии. Задачи должны быть: конкретными; измеряемыми; направленными на совершение определенных практических действий; реалистичными; учитывающими ресурсы времени и финансов, которыми располагает фирма.

Процесс выработки стратегии по праву считается сердцевиной стратегического управления. Определение стратегии - это отнюдь не составление плана действий. Определение стратегии - это принятие решения по поводу того, что делать с отдельным бизнесом или продуктами, как и в каком направлении развиваться организации, какое место занимать на рынке и т.п.

Выполнение стратегии - это проведение стратегических изменений в организации, переводящих ее в такое состояние, в котором организация будет готова к проведению стратегии в жизнь.[2,с. 19]

Оценка и контроль над выполнением стратегии являются логическим завершающим процессом, осуществляемым в стратегическом управлении. Он обеспечивает устойчивую обратную связь между процессом достижения целей и собственно целями, стоящими перед органи-

зацией. Основные задачи любого контроля следующие:

" определение того, что и по каким показателям проверять;

" оценка состояния контролируемого объекта в соответствии с принятыми стандартами, нормативами или другими эталонными показателями;

" выяснение причин отклонений, если таковые вскрываются в результате проведенной оценки;

" осуществление корректировки, если она необходима и возможна.

Стратегическое развитие фирмы должно базироваться на использовании следующих основополагающих принципов:[3,с.56]

1. Принцип научно-аналитического предвидения и разработки стратегии говорит о том, что для разработки стратегического решения недостаточно одних лишь пожеланий и субъективных предвидений. Необходим анализ предстоящей деятельности организации, общей ситуации в области ее деятельности и динамики ее изменения. Необходим также прогноз, а возможно, и разработка сценариев развития организации в ближайшей и более отдаленной перспективе. Выверенные, хорошо обоснованные стратегии могут быть разработаны лишь на базе тщательного анализа с выявлением основных факторов, определяющих развитие организации, и наиболее вероятных тенденций их изменения на базе установления основных сил и механизмов, способных оказать на них существенное влияние.

2. Принцип учета и согласования внешних и внутренних факторов развития организации предполагает, что стратегические решения, принятые на основании учета влияния только внешних или только внутренних факторов, будут неизбежно страдать недостаточной системностью, что, в свою очередь, может вести к ошибочным принятым решениям. А ведь стратегические решения должны быть выверенными и эффек-

тивными, поскольку за ними стоят направления развития и последующие результаты деятельности не только отдельно взятого человека, но целой организации, с судьбой которой нередко связаны судьбы многих работников.

Об отсутствии в организации стратегического управления можно судить и по тому, что, планируя свою деятельность на долгосрочную перспективу, организация предполагает неизменными условия ее функционирования в течение всего планируемого периода. Осуществляя такое планирование "на века" и основываясь лишь на принципе экстраполяции, т.е. при прогнозировании будущего исходя лишь из тех тенденций и статистических данных, которые характеризуют деятельность в настоящее время и в прошлом, организация обрекает себя на достаточно высокую вероятность стратегической ошибки.

3. Принцип соответствия стратегии и тактики управления организацией утверждает, что для обеспечения успешной деятельности организации необходимы и выверенная стратегия, и эффективная тактика. При этом эффективная деятельность организации возможна при условии, когда тактика организации соответствует ее стратегии, а формирование стратегии учитывает реальные возможности решения тактических задач.

4. Принцип приоритетности человеческого фактора подчеркивает, что ни стратегия, ни тактика организации не могут быть реализованы, если они не будут восприняты в качестве руководства к действию ее персоналом, и в первую очередь ее менеджерами, которым делегировано право принятия управленческих решений на вверенном им участке. Кроме того, нужно, чтобы персонал организации обладал профессиональными качествами, необходимыми для реализации стратегических решений. Поэтому одна из основных задач, стоящих перед руководством организации, состоит в подборе кадров, способных обеспечить выполнение принятых управленческих решений, и в организации эффективного управления персоналом с целью реализации принятой стратегии.

Следует отметить также, что деятельность современной организации должна быть направлена, как правило, на удовлетворение рыночного спроса, формируемого потребителем. Это еще один аспект, подтверждающий приоритетность человеческого фактора в наше время.

Нәтиже. Өз ісін ұйымдастырып, жүргізе білу.

Жаңа пәнді оқудың жеке тұлғалық мәні материалдық құндылықтарды тиімді пайдалана білу, өз қажеттілігін дұрыс есептей білу және қанағаттандыра білу, болашақта өз шаруашылығын, жанұя бюджетін қанағаттандыра білу.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі мектептерде экономикалық білім беру ісіне ерекше көңіл бөлуде. 2000 жылдың 24 ақпанында ҚР Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасы мектептерінде "Экономика білімдерінің негізі" курсының оқыту туралы №155 бұйрығы шықты. Осы бұйрық негізінде Қазақстан Республикасы мектептерінде "Экономика білім негіздері" курсының факультативтік негізде жүйелі түрде оқыту мақсатында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерде 2000-2001 оқу жылынан бастап "Экономикалық білім негіздері" курсының сағылап енгізу қамтамасыз етіле бастады. Экономикалық білім саласының басқа мектеп пәндерімен салыстырғанда өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктерінің бірі Қазақстандағы нарықтық экономика кезінде болып жатқан әлеуметтік экономикалық үрдістерімен байланысты. Елімізде болып жатқан үрдістерді саналы түрде ұғынып, өз орынын табу және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігі пайда болады. Экономикалық білімнің кәсіптік білім мекемелеріне тарауы жылдамдады. Ол экономикалық білім мен кәсіпкерлікке және жаппай іскерлік мәдениетін қалыптастыруға сұраныстың пайда болуымен байланысты. Оның үстіне базистік оқу жоспарының негізгі және қосымша бөлігінің ешқайсысында экономика арнайы білім сапасы ретінде қарастырылған жоқ.

Қазақстан Республикасындағы көптеген мектептерде жаңашыл мұғалімдерге сүйене отырып, экономиканы оқыту орта және бастауыш буындарында базистік оқу жоспарларының қосымша сағаттары есебінен жүргізілуде. Мектепте экономика білім негіздерін оқытудың басты мақсаты - оқушыларды экономикалық мәдениетпен, қоғамның экономикалық даму заңдылықтарымен танысу, іскерлікке тәрбиелеу, еңбек ете білуге, өндіруге, өзін және өзгелерді рухани материалдық құндылықтармен қамтамасыз теу.

Демек нарықтық экономикалық қалыптасу үрдісінің басталуы бұл үрдістің қалай дамып отырғандығын түсінетін, оның себептерін меңгеріп, қоршаған ортамен арақтығына болатын білікті мамандарды қажет етуде. Осы талаптарға сай азаматтар тәрбиелеу мақсатында мектепке экономикалық білім беруді енгізу мәселелері қолға алынуда. Қазіргі кезеңте дейін экономикалық білімнің кей элементтері экономикалық география, физика, математика қоғамтану еңбекке баулу сабақтарында пәнаралық байланысты сақтау негізінде беріліп келгенімен, жеке пән ретінде немесе білім беру аймағы ретінде қарастырылмаған. Мектеп оқушыларына экономикалық білім беру ісіне мүмкіндігінше жоғары дәрежеде қол жеткізуге және оны сан салалы бағытта жүргізуге болады.

Мектепте экономикалық білім негіздерін оқытудың басты мақсаты - оқушыларды экономикалық мәдениетпен қоғамның экономикалық дамуының дағдылығымен таныстыру оларды жеке тұлғаның

дамуы қалыптасуы негізінде материалдық құндылықтарды өндіру мақсатына еңбек ете білуге үйрету, сонымен қатар, өз Отанының патриот азаматын тәрбиелеу болып табылады. "Экономикалық білім негіздерін" мектепте оқыту оқушыларды экономикалық ұғымдардың мағынасын терең түсініп ұқыптылыққа үйретуге үлкен мүмкіндіктер тудырады. Өмірде өз орынын таба алатын еггі, белсенді, экономикалық біліммен жақсы хабардар оқушыларды дайындауды қамтамасыз етеді. Оқушыларға экономикалық білім беру алдын алу, болжау ұстанымдары негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Қоғамдағы экономикалық сауатсыздық экономикалық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі деуге болады.

Жалпы білім беру жүйесі қоғамдағы экономикалық сауаттылықты көтеруге үлкен мүмкіндік жасай алады. Алдын ала берілген экономикалық білім экономикалық дағдарыстан шығудың бірден бір маңызды факторларының бірі болып табылады. Қарапайым экономикалық білім жиынтығы оқушыларға тек ақпараттық мәні жағынан ғана құнда емес сонымен қоғамдағы адамның рөлі мен оның құқығын түсіне білуге негіз болады. Экономикалық білім жас жеткіншектің адами қасиеттерін қалыптастыруға көп мүмкіндік жасайды.

Экономикалық білім оқушылардың демократия, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, адам құқығы бәсекелестік, нарық сияқты жалпы адамдық құндылықтарды белсенді қабылдауына септігін тигізеді. Мектеп оқушылары болашақта өмір сүріп оны түсініп еңбек етуге дайындауы керек. Дамыған елдердегі болып жатқан өзгерістер туралы, мәлімет жастарға зор әсер етеді. Бұл мәліметтер оқушылардың ата - аналарының экономикалық білім алуға деген ұмтылыстарын арттыра түсуде. Экономикалық білім мен біліктіліктің негізгі құрамдас бөлігі экономикалық ойлау. Бұл біліктілік яғни экономикалық ойлау өмірге нақты жол ашуға үлкен көмегін тигізеді.

Экономикалық білім беру - қоғамдық өндірістің барлық салаларын қамтитын күрделі құбылыс. Экономикалық табыс елдің және жеке адамның ырқысының мол болуы әр адамның белсенді еңбек етуіне, сөйтіп бақытты өмір сүруге ұмтылуына байланысты екендігін оқушы зердесіне күйе үшін мектеп ұжымы белсене араласуы керек.

Экономика пәні мұғалімдерін дайындауда бұл еңбектердің пайдасы өте зор. Болашақ ұстаздарды жан-жақты біліммен қаруландыруда экономикалық білімнің алатын орны ерекше. Мұғалімнің бойынан экономикалық білімді тұлғаның үлгісін табу үшін осы ұстаздар тәрбиелейтін оқытушыларға да үлкен жауапкершілік артылады. Экономикалық білімді игеру әрбір ұстаз, әрбір оқытушы үшін өте маңызды.

Экономикалық білім берудегі негізгі мақсат - қоғам дамуының қазіргі кезеңіне сай жастардың экономикалық ойлауын қалыптастыру. Осының негізінде оқушылар қоғамның әлеуметтік - экономикалық дамуында адамның шешуші рөлін ұғынуы. Қоғам және тұлғаның мүддесі үшін қоғамдық өндіріс пен жаңа қатынастарды қалыптастырудың мүмкіндіктерін түсіне білуі керек.

Болашақ мұғалімдердің кәсіби - экономика-

лық бағдарын қалыптастыру жолдарын зерттеуші А.К.Ахметов, жеке тұлғаның экономикалық тәрбиесінің деңгейі негізінде анықтайды.

Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономика елі ретінде танып осы Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада сілкініс жасады, әлемдік өркеніетпен ықпалдасуда, жаңа прогресшіл технологияларды пайдалануда. Елдің әлеуметтік - экономикалық перспективалары айқындалған. Осыған орай қоғам өмірінің жаңа сапасының негізін құрайтын және елдің экономикалық қуатын ұлттық қауіпсіздігінің аса маңызды факторлары әрі базасы болып табылатын, қоғамдық даму деңгейі өлшемдері ретінде қазіргі білім беру жүйесінің, адам капиталының рөлі мен мәні арта түседі.

Қазақстандық білім беру жүйесін дамыту оның әлемдік білім беру кеңістігіне кезең кезеңімен енгізу жеткіліксіз болып келген бұрынғы білім беру әдіснамасының, құрлымы мен мазмұнының жағдайында өтіп жатыр. Білім беру саласында қалыптасқан ахуал республиканы дамытудың қазіргі әліуметтік - экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сәйкес келетін құбылыстарды болдырмау, түбегейлі ұйымдық, құрылымдық қайта құрулар, білім берудің мазмұнның жаңарту және мамандар даярлаудың сапасын жетілдіру қажет екендігін көрсетеді. Еліміздің әлеуметтік - экономикалық деңгейін көтеру үшін білім беру жүйесін, оның ішінде жалпы білім беруді жаңа сапалық деңгейге көтеру қажет. Демек еліміздің болшағына үлес қосып, оны жаңа биікке көтеретін дара тұлғалар - бүгінгі оқушылар десек, олардың жетерлік білімінің негізін қалауға мектеп қабырғасында жүрген жылдары жағдай жасауға тиіспіз. Сонда ілеуметтік жағдайымыз жақсарып экономикалық өркендеуге мүмкіндік туады. Қазақтың кемел дарын, таңғажайып талантты ақыны Жұмабаев Мағжан мектеп жайлы кезінде былай деп жазды: "Әрбір ел келешегіне негізді балаларын тәрбиелейтін, даярлайтын мектебінде салмақ. Бір елдің тағдыры мектебінің құрлысына байланысқан нәрсе. Бұл ескермейтін иігі сөз, өзгермейтін бір шындық"

Дәл қазіргі жағдайда жаңа білім арнасы - экономикалық білімді мектеп қабырғасынан бастап, басқа пәндермен қатар оқытқан жағдайда жалпы білім берудің жаңа деңгейге көтерілетініне көзіміз жетіп келеді. Олай дейтініміз, экономикалық білім - жалпы білім берудің құрамды бөлігі. Сондықтан қазіргі кезде дүние жүзінің көптеген елдерінің мектептерінде экономикалық білімді жүйелі де сапалы беруге баса назар аударылуда. Ендеше осы бағытта ғылыми зерттеу жұмыстарын кеңінен жүргізу, экономиканы негізгі курс ретінде жалпы білім беретін мектептердің оқу жоспарларына енгізу - қажет деген тұжырымға келеміз.

Экономика негіздері сабағында интерактивті әдіс арқылы оқытудың мазмұны және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Бүгін де білім беру саласында оқытудың озық технологияларын қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамыту, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Экономикалық білім беруде интерактивті әдісті қолдану маңыздылығы мұғалім мен оқушының арасындағы тығыз байланысы, оқушылардың білім сапасын арттыруда оқушы тарапынан тек белсенді түрде меңгерілген білімі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ағанина, Қазақстанда оқушыларға экономикалық білім беру жүйесінің қалыптасуы // Экономика негіздері - 2004-№3-7-11бб.
2. А.Ерназарбекова, Б.Ортаев., Орта мектеп оқушыларына берілетін экономикалық білім мен тәрбие. // Ізденіс - 2007 - №4 - 241-244 бб.
3. Б.Махадиева., Экономикалық тәрбие берудің қажеттілігі. // Қазақстан мектебі - 2008 - №6- 9-11бб.

ПРАВОВЫЕ АСПЕКТЫ ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОГО ПАРТНЕРСТВА

**Кусаинова А.К. - к.ю.н., доцент,
ведущий научный сотрудник НИИ
правовых и сравнительных исследований
Карагандинского университета "Болашак"**

Создание жилищных условий, отвечающих требованиям современного общества, является одним из важнейших направлений социально-экономической политики государства. Обеспечение граждан доступным жильем, соответствие его необходимым стандартам является одним из основных приоритетов в перспективном развитии Казахстана. В ежегодном послании народу Казахстана Н. А. Назарбаев поставил задачу "Ежегодно вводить по 6 миллионов квадратных метров нового жилья. В первую очередь, важно решить вопрос об обеспечении собственным жильем более полумиллиона молодых семей. Для решения этой задачи надо довести ввод арендных

жилых площадей до 1 миллиона квадратных метров" [1].

Указание на необходимость развития данного направления содержалось и в предыдущем Послании Президента на 2011 год. В связи с этим в 2011 году Правительством были приняты важнейшие отраслевые программы, которые должны обеспечить системные преобразования в строительстве и ЖКХ. Это - "Программа жилищного строительства в Республике Казахстан на 2011 - 2014 годы", "Программа модернизации жилищно-коммунального хозяйства Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы", "Программа по развитию государственно-част-

ного партнерства в Республике Казахстан на 2011 - 2015 годы".

В настоящее время, в рамках Программы жилищного строительства определены 4 направления государственной поддержки жилищного строительства:

- строительство жилья местными исполнительными органами для реализации с использованием системы жилстройсбережений;
- строительство арендного жилья;
- фондирование банков второго уровня для финансирования строительства;
- строительство инженерных коммуникаций.

Для реализации указанных и других направлений, Глава государства поручил Правительству принять до 1 июля 2012 года "Программу "Доступное жилье" до 2020 года".

Развитие современного жилищно-коммунального хозяйства было бы невозможно без эффективного правового регулирования, своевременного принятия тех или иных нормативных правовых актов, регулирующих жилищные и коммунальные правоотношения. Как звено в системе законодательства нормативные правовые акты выполняют важную роль в осуществлении правового регулирования. Особенно заметна эта роль в правоприменительной деятельности. Когда возникает необходимость в применении правовой нормы к конкретной правовой ситуации, поиск нужной нормы всегда идет через законодательный акт. Именно законодательный акт в системе законодательства является основной формой группировки правовых норм. М. К. Сулейменов отмечает, что "Проведение экономических реформ было бы невозможно без правовой реформы, заложившей правовые основы развития государства и общества. В построении рыночных основ экономики центральную и эксклюзивную роль сыграло гражданское право. Гражданское законодательство Республики Казахстан пришлось создавать практически с нуля, ибо прежнее союзное законодательство обслуживало интересы централизованно регулируемой экономики, и для построения рыночной экономики не годилось" [2, с.5].

Практически полное прекращение государственных инвестиций в жилищную сферу в связи с развитием рыночных отношений поставило перед собственниками жилья и управляющими организациями необходимость в привлечении внебюджетных источников финансирования и реновации жилого фонда. За прошедшие годы в сфере жилищно-коммунального хозяйства заинтересованность бизнес-структур в данной сфере практически была равна нулю. В результате износ существующего жилого фонда приблизился к катастрофическому. В связи с этим и появилась необходимость в привлечении бюджетных средств. Таким образом, жилищно-коммунальная сфера, которая в советский период традиционно являлась монополией государства требовала сотрудничества государства и частного предпринимательства. Государственно-частное партнерство становится в нашей стране необходимым элементом инновационной политики и связанной с происходящей модернизацией экономики инвестиционной политикой. Потенциал государственно-ча-

стного партнерства велик, но предстоит поработать практику его реализации.

Правительства многих государств, вне зависимости от степени экономического развития и рыночной ситуации обращаются к необходимости налаживания государственно-частного партнерства. Такая форма сотрудничества возникает, прежде всего, в тех сферах, за которые государства традиционно несет ответственность: транспортная коммунальная, социальная инфраструктура), ремонт, реконструкция, содержание жилищно-коммунального хозяйства. Государство на наш взгляд, не может полностью отказаться от своего присутствия в названных сферах экономики и вынуждено сохранять контроль либо над определенным имуществом, либо над определенным видом деятельности. Для обеспечения сохранения и поддержания работоспособности входящих в них объектов недостаточно финансирования расходов за счет бюджетных средств. Требуется привлечение дополнительного капитала, который и поступает посредством реализации форм сотрудничества государства и частного бизнеса. Перспективным способом такого сотрудничества является хорошо зарекомендовавшее себя в зарубежных странах государственно-частное партнерство. Данный инструмент позволяет привлечь частные инвестиции в капиталоемкие проекты, имеющие важное общественное и государственное значение, а также использовать опыт частных предпринимателей для более эффективного управления публичным имуществом и повышения качества предоставления публичных услуг. Элементы внедрения такого сотрудничества имеются в Программе модернизации жилищно-коммунального хозяйства. В настоящее время при поддержке Всемирного банка ведется активная работа по созданию Фонда жилищно-коммунального хозяйства, который призван осуществлять накопление денежных средств и последующее финансирование проектов по восстановлению объектов инфраструктуры жилищно-коммунального хозяйства. Несомненно, применение государственно-частного партнерства в этой области имеет широкие перспективы, тем не менее, до момента его всеобщего внедрения необходимо решить ряд концептуальных вопросов, стоящих на пути внедрения. Один из них - высокая изношенность основных фондов, требующая колоссальных вливаний для приведения их в состояние, при котором проекты в сфере жилищно-коммунального хозяйства будут иметь достаточную привлекательность для частного инвестора.

В мировой практике наиболее успешный опыт, широкое применение и высокий уровень развития форм государственно-частного партнерства в жилищно-коммунальной сфере наблюдается, как правило, в высокоразвитых странах Западной Европы и Северной Америки. Что же касается перспективных экономических лидеров (Китай, Индия, Россия, Бразилия и прочие), а также многих стран постсоветского пространства, то они пока заметно уступают как по степени развитости форм государственно-частного партнерства, так и по широте применения.

Зарубежный опыт указывает на следующие направления развития государственно-частного партнерства в жилищно-коммунальной сфере:

- организация и эксплуатация жилищного фонда (Соединенные Штаты Америки, Великобритания, Бельгия, Нидерланды, Швеция, Австрия);

- бытовое обслуживание населения: ремонтные услуги, благоустройство дворовых территорий, сбор, удаление и переработка бытовых отходов (Соединенные Штаты Америки, Великобритания, Франция, Германия, Япония, Канада, Швеция, Австрия);

- уборочные работы, озеленение (Соединенные Штаты Америки, Великобритания, Австрия, Германия, Бельгия, Канада);

- транспортное обслуживание (Соединенные Штаты Америки, Великобритания, Швеция, Австрия, Франция);

- ремонт и содержание дорог (Соединенные Штаты Америки, Великобритания, Австрия, Франция, Италия, Бельгия, страны Латинской Америки).

Следует принять во внимание, что государственное регулирование коммунальной инфраструктуры в развитых странах не только не упразднено, но и претерпело глубокую эволюцию под воздействием специфических потребностей в той или иной отрасли жилищно-коммунального хозяйства.

В странах Западной и Восточной Европы реализован ряд мер по государственной поддержке собственников многоквартирных жилых домов по проведению капитального ремонта (модернизации) общего имущества объектов кондоминиума путем создания специализированных финансовых институтов в жилищном секторе, которые предоставляют кредиты и субсидии на модернизацию многоквартирных жилых домов и на увеличение муниципального жилищного фонда, предоставляемого в найм. С 1990 по 2010 годы в ЕС были реализованы 1452 проекта ГЧП на сумму 272 млрд. евро. Только в 2010 году их было 112, и их стоимость составила 18,3 млрд. евро. Значительная доля проектов ГЧП присутствует в экономике Франции - общий объем соглашений ГЧП за 2010 год составил 1,8 млрд. евро. В целом же по ЕС объем сделок по ГЧП в ЕС в сферах образования, здравоохранения и иных социальных сферах по итогам 2010 года составил 6,5 млрд. евро.

Принимаемые государственные программы в этих странах нацелены на повышение энергоэффективности жилищного фонда путем вовлечения местных органов власти, собственников и арендаторов жилья.

Причинами внедрения государственно-частного партнерства в жилищно-коммунальной сфере Казахстана являются: дефицит бюджетных средств, реформа местного самоуправления и расширение социальной нагрузки на органы местной исполнительной власти, сокращение непрофильных объектов коммунальной собственности и необходимость увеличения доходов бюджета, повышение инвестиционной привлекательности местных исполнительных органов, низкое качество услуг, предоставляемых населению.

Положительными результатами государственно-частного партнерства как формы инвестирования приоритетных проектов органов исполнительной власти в жилищно-коммунальной сфере предполагаются: повышение эффективности реализации проектов; применение различных вариантов в под-

ходах и увеличение их количества; улучшение качества экономико-правовых и управленческих решений; более высокое качество предоставляемых коммунальных услуг, а также их доступность для населения; интеграция субъектов предпринимательства в сферу жилищно-коммунального хозяйства; снижение социального напряжения и негативного отношения к предпринимателям со стороны населения за счет признания его вклада в решение проблем жилищно-коммунального хозяйства того или иного населенного пункта.

В Республике Казахстан был принят ряд нормативных правовых актов с целью найти приемлемые правовые формы осуществления государственно-частного партнерства. Первый Закон Республики Казахстан "О концессиях" был принят 23 декабря 1991 года и утратил силу в 1993 году, и регулировал организационные, экономические и правовые условия предоставления объектов в концессию только иностранным инвесторам на территории Республики Казахстан. Концессия в соответствии с вышеуказанным законом - сдача иностранному юридическому или физическому лицу - концессионеру - в аренду имущества, земли, природных ресурсов". Другими словами, концессия определялась через призму договора аренды (имущественного найма), но одновременно в концессионных отношениях могли присутствовать элементы договоров подряда, страхования, трудового договора. После утраты силы Закона "О концессиях" 1991 года, ГЧП рассматривалось в основном, как элемент управления государственными активами и основными нормативными правовыми актами, регулирующими данные взаимоотношения, были Гражданский кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года, законы Республики Казахстан от 23 декабря 1995 года "О приватизации", от 13 мая 2003 года "Об акционерных обществах", от 21 июля 2007 года "О государственных закупках". С разработкой и принятием в 2006 году нового Закона Республики Казахстан "О концессиях" (далее - Закон), который позволил передавать права на создание объектов государственной собственности не только иностранным инвесторам, но также и юридическим лицам (гражданам Республики Казахстан). Кроме того, Законом были определены правовые условия концессии, виды государственной поддержки концессионера и регулирование общественных отношений, возникающих в процессе заключения, исполнения и прекращения договоров концессии [3].

Отметим, что в Казахстане уже имеется отдельный опыт проектов государственно-частного партнерства. Например, были разработаны и приняты в реализацию такие проекты в транспортной инфраструктуре и электроэнергетике: строительство и эксплуатация железнодорожной линии "Станция Шар - Усть-Каменогорск"; строительство и эксплуатация пассажирского терминала международного аэропорта г. Актау; строительство и эксплуатация межрегиональной линии электропередачи "Северный Казахстан - Актюбинская область"; строительство и эксплуатация газотурбинной электростанции в г. Кандыгааш Актюбинской области; строительство и эксплуатация железнодорожной линии "Ералиево-Курьк". Общий

объем предполагаемых инвестиций в строительство данных объектов концессии составляет порядка 74 млрд. тенге. На стадии планирования по схеме концессии находятся более 15 проектов в транспортной и социальной сферах.

В целях активного использования инструментов государственно-частного партнерства в жилищно-коммунальной сфере необходимо: исследовать генезис явления государственно-частного партнерства в данной сфере; охарактеризовать сущность явления государственно-частного партнерства; выявить существенные признаки, сформулировать законодательное определение понятия государственно-частного партнерства; выявить и охарактеризовать принципы правового регулирования государственно-частного партнерства; проанализировать правовое положение субъектов государственно-частного партнерства; исследовать и классифицировать правовые формы осуществления государственно-частного партнерства; проанализировать средства государственного регулирования государственно-частного партнерства; выявить и охарактеризовать особенности осуществления и механизм правового регулирования государственно-частного партнерства в сфере жилищно-коммунального хозяйства. Все это представляется необходимым, поскольку как справедливо отметил С.В. Скрябин на сегодняшний момент "отсутствуют серьезные теоретические разработки об участии государства в экономических отношениях" [4].

Существующее легальное определение государственно-частного партнерства содержится на сайте Казахстанского центра государственно-частного партнерства. Государственно-частное партнерство - это совокупность среднесрочных или долгосрочных взаимоотношений между государственным и частным сектором по предоставлению общественно-значимых работ и/или услуг по проектированию; финансированию; строительству; реконструкции; реабилитации; эксплуатации; обслуживанию объектов на условиях соблюдения основных принципов ГЧП [5].

Пока что отношение к партнерству и со стороны государства, и со стороны предпринимательских структур неоднозначно. Позитивные аспекты партнерства власти и бизнеса омрачает ряд негативных факторов, которые могут стать препятствием поступательной реализации стратегических ориентиров развития государства. Некоторые ученые считают, что в этом инструменте кооперации заключается ключ к экономическому прорыву, другие - высказывают опасение по поводу того, что правовая недоработанность данного процесса может привести к очередному растрачиванию бюджетных средств при помощи коммерческих структур. В социально-политическом аспекте выражается обеспокоенность тем, что результаты государственно-частного партнерства могут стать очередной вехой "перераспределения" государственных предприятий, а это, в свою очередь, приведет к

резкому повышению оплаты за социальные услуги для населения и т.п. В. Г. Варнавский отмечает, что "в развитых странах с их мощной институциональной базой партнерских отношений ГЧП часто используется для реализации преимущественно частного интереса. Подобные негативные проявления и искажения сути партнерских отношений приводят к появлению деформаций в экономической политике, нарушению условий конкуренции, росту недоверия к самому феномену партнерских отношений между государством и частным сектором. На практике эти явления часто принимают форму коррупции" [6, с.19].

По мнению А. С. Кирилюка "при государственно-частном партнерстве происходит расщепление отдельных прав собственности (например, права пользования, права управления, права на ответственность, права на получение дохода) и закрепление данных прав за обоими партнерами (взаимные права) на соответствующих условиях. К отдельным правам собственности это расщепление прав не применимо, например, право суверена, право на бессрочное владение благом, право на передачу прав в наследство, т.е. институт государственно-частного партнерства исключает доступ к отдельным спецификациям пучка прав собственности. Институты, и прежде всего институт прав собственности, несут в себе огромный потенциал изменений, как радикальных, так и эволюционных, они являются особым ресурсом общества, эффективное использование которого может приносить доход, и, следовательно, как ресурсы институты обладают ценностью. Персонализация и присвоение отдельных "пучков прав собственности", агрегированных в рамках целостного института прав собственности, позволяет институциональной единице - фирме, индивиду, государству в действительности реализовать право на получение дохода. Изменение института прав собственности - расширение доли государственной или частной персонализации тех или иных пучков прав собственности ведет к иным контурам развития не только экономики, но и общества в целом, и поэтому институты можно рассматривать в качестве самостоятельного источника экономического развития" [7, с.23].

На наш взгляд, целесообразность исследования государственно-частного партнерства заключается в глубоком и полном раскрытии его основ в правовом аспекте, это даст возможность не только полноценно реализовать принципы государственно-частного партнерства в рамках каждого проекта, но и моделировать новые формы государственно-частного партнерства применительно к различным сферам экономики, результативнее использовать его потенциал как института модернизации.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А. Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития

Казахстана. Послание Президента - Лидера Нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана // Казахстанская правда, 28.01 2012

2. Сулейменов М. К. Становление и развитие гражданского законодательства Республики Казахстан. Алматы, 2006. С.5.

3. Сайт Казахстанского центра государственно-частного партнерства // <http://www.ppp-center.kz/rus/GCHP/>

4. Скрыбин С.В. Законодательство Республики Казахстан о концессиях: состояние и перспективы // Юрист, №11, 2007 (<http://journal.zakon.kz/60507-zakonodatelstvo-respubliki-kazakhstan-o.html>)

respubliki-kazakhstan-o.html)

5. Сайт Казахстанского центра государственно-частного партнерства // <http://www.ppp-center.kz/rus/GCHP/>

6. Варнавский В. Г., Клименко А. В., Королев В. А. Государственно-частное партнерство: теория и практика. Москва: Издательский дом Государственного университета Высшей школы экономики, 2010. С.19

7. Кирилук А. С. Развитие форм государственно-частного партнерства // Вестник Саратовского государственного социально-экономического университета, 2011. № 1. С. 23.

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ БОЛАШАҒЫНЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИҚАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ АДАМ КАПИТАЛЫНЫҢ МӘДЕНИ ОРНЫҒУЫ

Қосжанов А.С.

ҚКЭУ ЖКАП кафедрасы з.ғ.к., доцент

Копбулов Р.А.

ЭҚКР кафедрасы аға оқытушысы

Шокбарова А.М.

КЭУК студенті

Адам қоғамының даму процессінен қалыптасқан ең зор мәдени байлық - құқық пен құқықтық заңдар. Адам қоғамын дағдарысқа ұшыратпай, миллион жылдар реттеп, басқарып келе жатқан мемлекет пен құқық. Мәдениеттің және құқықтың даму процессінде заңдылықпен құқықтық тәртіп қалыптасып, қоғамның прогрестік жолымен дамуына мүмкіншілік жасады. Қоғамның мәдениет саласындағы қатынастардың көпшілігі заң арқылы реттеліп басқарылып жатады. Заң мәдениеттің негізгі мүдде - мақсатын анықтап, оның орындалу бағыттарын көрсетіп реттеп отырады. Заң мәдениеттің жаңа бағыты, жаңа мақсатын болжап, алдынала заңға тәуелді нормативтік актілердің қабылдауын қамтамасыз етеді. Заң құқықтық мәдениетті басқаратын, дамытатын аппараттарды құрып, нығайтып отырады.

Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекет құрылысын нығайтуда оның демократиялық жолдары іздестіріп, жетілдіру үстінде. Бұл ізденісті дамыту қисыны әлеуметтік мәселелерді шешуге бағдарланған нарықтық экономикасы бар азаматтық әлеуметтік қоғам құруға қарай ұмтылуға жол береді. Демократиялық мемлекеттің белгілерінің бірі - жеке адам, ол оның мінез-құлқы, біріншіден, өзінің дербестігі мен жауапкершілігін дамыту, екінші жағынан - ынтымақтастық қисыны, жеке басының мүддесін басқалардың жеке мүддесімен, сондай-ақ, тұтас алғанда күллі қоғамның мүддесімен сәйкестендіре білу арқылы көрінеді.

Еліміздегі мемлекеттік, саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени мақсаттардың түбірінен жаңару процесі оны жүзеге асыруға негіз болатын құқықтық жүйені тудыруда. Орнықты мемлекеттік, әлеуметтік - экономика-

лық дамуды қамтамасыз ететін бірқатар аса маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Ауқымды норма түзушілік және құқық қолдану практикасы жетілуде. Осыдан барып, норма түзушілік қызметке жұртшылықты, үкіметтік емес ұйымдардың жеке кәсіпкерлердің мүдделерін білдіретін бірлестіктердің өкілдерін кеңінен және тұрақты негізге тарту, заңнамалық құжаттармен жұмыс мәдениетін көтеру қажеттігі айқындалып отыр.

Мемлекетіміздің Конституциясында бекітілген Республика қызметінің түбегейлі принциптерін сақтау мен іске асыру елдің орнықты құқықтық, мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық және саяси - құқықтық дамуын қамтамасыз ету мүнкіндігіне жол ашады. Ұлттық құқық пен құқық қолдану практикасын дамыту мемлекеттік құқық қорғау, оның ішінде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне тек заңдық қана емес, адамгершілік - моральдық қасиеттерді де жетілдіруді нұсқап отыр. Олар өз функциялары мен жауапкершілігін сәйкестендіру процесінде кәсіптік құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Дегенмен, қоғам мәдениетінің құрылымдық элементі құқықтық мәдениет туралы елімізде құқықтық зерттеулер жеткіліксіз деуге негіз бар. Бұл бағытта:

1) кейбір ішінара жарияланған мақалалар құқықтық мәдениеттің құқықтық танымын толық қамту алмауда ;

2) халықаралық, республикалық деңгейде ұйымдасқан ғылыми-практикалық конференциялар құқықтық тәртіп, идеологиялық тәрбие тақырыптарын қамтығанымен құқықтық мәдениет мәселесіне тиянақты жинақталған талдауларды біріктіре алмайды;

3) заң мамандары мен ғалымдардың зерт-

теу жұмыстары құқықтық мазмұны, сипатты, мәнді қамтығанымен, құқықтық мәдениеттің адамгершілік және моральдық - этикалық бинесі құбылыс ретінде әлеуметтік-құқықтық таным негізінде көп қарастырылмаған;

4) құқық қорғау органдарының әрбір саласының қызметкерлерінің ерекшеліктеріне тән ар-намыс қасиеттерінің қалыптасуы мен олардың жұмыс саласында көрінуі елімізде нақтылы әлеуметтік - құқықтық талтау өрісінде жеткіліксіз. Құқықтық мәдениет тұтас және жеке қарастырылған емес.

Мемлекетіміздің тап қазіргі даму кезеңінің құқықтық саясаты мен жүйесі құқықтық мәдениеттің жоғарғы дәрежесінің қажеттігіне аса маңыз беру Қазақстан республикасының 2010 жылдың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында айқындалған [1]. Ресми құжатта мемлекеттің құқықтық саясатының негізгі бағыттарына сәйкес заңнаманы кешенді дамыту және тиімді пайдалану заңдылық режимін одан әрі нығайтуға, даму мен азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, еліміздің орнықты әлеуметтік - экономикалық дамуын қамтамасыз етуге, қазақстандық мемлекеттілікті нығайтуға ықпал етеді. Ғылым және білім беру қызметін құқықтық реттеу осы процестердің маңызды шарты екендігі көрсетілген.

Ғылым және білім беру қызметінің құрамдас бөлігі, өз кезегінде, құқықтық білім беру құқықтық насихат, яғни құқықтық мәдениет мәселелері болып табылады. Осыған орай, азаматтардың құқықтық санасын, оның ішінде мемлекеттік қызметкерлер арасында заңгерлік сауаттылықты арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру көзделген. Халық арасында интернет-ресурстарды қоса отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құқықтық насихаттың сапасын арттыру мен көлемін кеңейту, заңнаманы және құқықтық қолданудың өзекті проблемалары бойынша, атап айтқанда, азаматтардың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын құқық салаларында ғылыми зерттеулерді жандандыру қажеттігі ерекше міндеттелген.

Ұйымдастырушылық - құқықтық сипаттағы ішпаралармен тығыз байланысты мәселелердің бірі - заңгерлік білім мәселесі. Онда қоғамға және мемлекетке адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қоғамға бағдар ұстанған және патриоттық бағыттағы жаңа сипаттағы заңгерлік кадрлар керектігі белгіленген. Нақ осындай заңгерлік білім жүйесінің негізі болуы тиісті алға тартылған.

Көрсетілгендерден өзге тақырыптың маңыздылығы мен қажеттілігіне мұнда бір мәселені де қосуға болады. Методологиялық база ретінде заңтану және мәдениет ауқымындағы зерттеу жұмыстарының ба-сым көпшілігінде өз дәуірінің талаптарына байланысты партиялық, таптық ұстанымдар мен көзқарастар, пікірлер мен келіп-деме-лер басым. Сондықтан тап қазіргі әлеуметтің жарамдылығы толық болып саналмайды.

Құқықтық мәдениет проблемасына түбірінен жақын құқықтық негізді нысаналы зерттеулер жүргізген профессор А.С.Ыбраеваны [2, 269 б] атауға болады. Оған қоса құқық әлеуметтануының белгілі

мамандары Қ.Ғабдуллина мен С.М.Оспановтардың үлесіндегі жұмыстарды ату керек. Құқықтық мәдениеттің қазақ философиясындағы әлеуметтік әділет, тәртіп, батырлық, заңшығару т.б.әлеуметтік философия мәселелеріне А.Қасабеқ, Ж.Алтаевтар зер салған. Құқықтық мәдениеттің қараластыру өрісіне етене жақын категориялар Т.Х.Ғабитов, М.Т.Әліпов, А.Т.Құлсариева, С.Мырзалының еңбектері мен оқу құралдарында құқықтар мен міндеттерді түсіну, азаматтық борышты ұғыну, заң мен құқық мәселесі, тұлғаның еркі мен құқығы баяндалған.

Құқықтық сана мәдениеттің арақатынасы, өзара байланысы, құқықтық білім мен тәрбие, заң және ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтық мәдениеті туралы мақалар мен түрлі деңгейдегі ғылыми-теориялық және практикалық конференцияларда баяндалған материалдар О.В. Рыбакова, А.Е.Қабдуев, С.А. Арыстанбаева, М.Д.Нуршаев [3, 195 б] т.б. жұмыстарында кездеседі. Құқықтық мәдениетке қатысты әлеуметтанушылық - философиялық таңдаушылар, келісімді әрі шыдамдылық сананы қалыптастыру мәселесі бүтінгі күннің талаптарына сай ұғымдар мен түсініктерді қамтыған философия және саясаттану институтының ғалымдары Р.Қ.Қадыржанов, М.З.Изотов, Г.Г.Соловьева, В.Д.Дунаев, В.Д.Курганская, С.Ю.Колчигин, А.Г.Косиченко, К.Ұ.Әлжан, Н.К.Сейтахметов, М.А.Ашибаев, А.Шома-нов, А.Капышев, М.Шайкемелов, Р.С.Сартаев, Г.Телебаев т.б. еңбектері бағыт көрсеткенін атауға болады.

Құқықтық мәдениеттің адамгершілік және моральдық-этикалық бейнесінің әлеуметтік - философиялық тұрғыдан - қазіргі қоғам ауқымының қажеттілігі. Еліміздегі құқықтық мәдениеттің зерттелуі төмендегідей ғылыми нәтижелерге бағыт сілтейді:

- мәдениетті құбылыс ретінде зерттеудің методологиялық және идеялық негіздері сараланып қазіргі әлеуметтегі қағидаларды анықтау. Сол арқылы мәдениеттің әлеуметтік - философиялық нысандары дүниетанымдық, идеялық және тәрбиелік, сана мен саяси бағдар, әлеуметтік проблемалары тұрғысынан талқылауы тиіс.

- заманауи құбылыстар мен үрдістер мәдениетті тану мен зерттеудің өзекті негіздері нұсқаған мазмұндағы бағыттар тұтастық категориясы, мәдениеттің жүйесі болашақ болмысы мен оның танымдық құрылымы нәтижесінде еліміздегі құқықтық мәдениетті зерттеу өрісіндегі ұстанымдарды топтастыру;

- жалпыдан жекеге ұмтылу арқылы субмәдениеттің әлеуметтік болымысының негізгі қағидалары, қазіргі кезеңдердегі субмәдениеттік мінез - құлық пен әлеуметтік - құқықтық белгілері ерекше құбылыс ретінде көрсетіліп, қайта жаңғырту көзқарастары арқылы тұжырымдар жасау;

- құқықтық мәдениет - философиялық таным өрісінде бағалаушы категория, ойлаудың жеңісі, құқық әлеміндегі белгілі көзқарас. Оның басты объектісі - адамның өзі екендігі талқыланып, оның ішкі құрылымын талдауға мүмкіндік беретін философиялық категориялардың қажетті белгілерін анықтау;

- қоғамдық сана, құқықтық сана мен

құқықтық мәдениет, құқықтық саясат және олардың өзара байланысы мен ықпалы, өлшемдері мен факторлары, құқықтық мәдениеттің құрылымы әлеуметтік философиялық ақымда талдану нәтижесінде құқықтық сананың мәнді белгілері анықталып, құқықтық мәдениет ұғымын философиялық тұрғыдан кеңейту;

- жалпы құқықтық мәдениет оның санатындағы ішкі істер органдары қызметкерлеріне тән құқықтық мәдениеттің қалыптасуының мемлекеттік-құқықтық негіздері, ерекше қасиеттерінің табиғатына ықпалды факторларын анықтау, оларға қатысты адамгершілік және моральды-этикалық бейнелерінің қалыптасу себептері, талаптар мен міндеттік сезімдерінің кәсіптік ерекшеліктерінің үйлесім қағидаларына сараптама жасау;

- құқықтық тәрбие құқықтық сананы қалыптастыру мен құқықтық мәдениетті көтерудің қажетті шарты тұрғысындағы тұжырымдар мен практикалық ұстанымдар мәселесін кеңейте түсу.

Нарықтық қатынастар жағдайындағы Қазақстан Республикасының саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірін жүзеге асырудағы қажеттілік ретінде заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жүйесі құқық қоғау органдарының құқықтық мәдениетін көтерудің тиімділігін міндеттеді [4]. Сондықтан көтерілген мәселе қоғамымыздағы көптеген ғылыми салалардағы түрлі еңбектерде кездескенімен, отандық философияда осы тақырыпты зерттеудің нақтылы мақсат көздеген ізденісіне айналып отыр. Бұл бағыттағы зерттеу жұмысының түйіндері мен ғылыми тұжырымдамалары, ой-пікірлері мен ұсыныстары құқықтық мәдениет про-

блемаларын кеңірек талдауға бағытталған еңбектер жазуда, сонымен бірге еліміздегі жоғарғы оқу орындарында заңдық білім алушыларға белгілеген "Философия", "Әлеуметтану", "Саясаттану", "Мәдениеттану", "Құқық әлеуметтануы", "Заңгердің кәсіптік этикасы", "Құқық этикасы" және т.б. пәндерді оқытуарнайы курстар жүргізуде пайдалануға болады.

Топтастыра айтқанда құқықтық мәдениет еліміздің саяси-экономикалық, рухани дамуында ерекше қоғамдық қасиеттерді жаңа қатынастардың талаптарына сәйкес қалыптастыруға ықпал етеді. Мұның анық көрінісін Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20-жылдық тәжірибесі көрсетіп отыр. Құқықтық мәдениет мемлекеттің болашағына, жаңа экономикалық қатынастарының жетіле түсуі мен орнығуына кепіл бола алатын фактор бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы ҚР Президентінің 2009 жылғы № 858 Жарлығы // ҚР Президенті мен ҚР Үкіметінің актілер жинағы.- 2009.-№35.-8-40 б.

2. Ибраева А.С. Правовая культура Казахстана: проблемы формирования, факторы развития.- Алматы: Қазақ университеті, 2004.-269 б.

3. Болашақ полиция қызметкерлерінің патриотизмі мен кәсіптік жауапкершілігін қалыптастыру мәселелері // Қазақстан жоғары мектебі. №1, 2009. 195-199 беттер.

4. Еликбаев Наби. Құқықтық мәдениетті жетілдіру - Қазақстан Республикасының қажетті құбылысы. Журнал "Экономика и Право", № 11, 2011 ж.

ҚАРЖЫ САЛАСЫНДА ЖАСАЛАТЫН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Б.Ш.Сарсембаев,

х.ғ.к. аға ғылыми қызметкер

*Қарағанды экономикалық университетінің
Экономикалық және құқықтық
зерттеулер институты*

Кез-келген мемлекет қазіргі жаһандану жағдайында өзінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға талпынады.

Ал, өндіріс факторларының өнімділігіне ғылыми-техникалық және инновациялық прогресс арқылы ғана қол жеткізуге болады.

"Индустриалды-инновациялық даму" дегеніміз жаңа жаңалық пен ғылымды, технологияны өндіріспен тығыз байланыстырумен көзделген экономикалық даму бағыты. Қазақстан Президентінің "Елдегі жағдай туралы және 2002 жылға арналған ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы" Қазақстан халқына Жолдауында және кәсіпкерлерінің оныншы форумында берген тапсырмаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Индустриалдық - инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясы дайындалған болатын [1].

Ал Қазақстанның бұл инновациялық даму жолын таңдаудың негізгі себептері әлемдегі өнеркәсіптің технологиялық жолмен қарқынды дамуы, әлемді жаһандану процесінің орын алуы, еліміздің ДСҰ-на кіру мақсатына байланысты өнеркәсіпті бәсекелестікке дайындау қажеттілігі және бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылудағы мақсатқа жету болып отыр [2].

Инновациялы индустриаландырудың негізгі мақсаттары: кәсіпкерлік пен мемлекеттің күштерін біріктіру және елдің резервтерін экономиканың басты секторларын дамытуға шоғырландыру; қолайлы кәсіпкерлік орта мен инвестициялық климатты қалыптастыру; ұлттық экономиканың қарқындылығы мен өнімділігін арттыру. Ал бұл шараларды жүргізу үшін қашанда үлкен қаржы бөлінеді.

Мемлекеттің және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын жинақтау, бөлумен байланысты қаржы саласында жүргізетін жұмыс-әрекеттері қашанда жекелеген қылмыскерлердің әсіресе ұйымдасқан қылмыстық топтардың назарын өзіне аударып келді. Бұл салада қазіргі кезде әртүрлі бағалы қағаздар мен құжаттарға байланысты жүргізілетін көптеген қаржылық алаяқтық банктік операцияларды жүзеге асырылу байқалады. Бұл қағаздар мен құжаттардың көмегімен кредиттік және есеп айырысу қатынастары, тауарға ие болу құқығын беру және жылжымайтын мүлікті кепілдікке қою құжаттары дайындалады, ақша қаражатын жинақтау және қолдану және көптеген нарықтық экономикаға сәйкестелген операцияларды жүргізу мақсатымен әр түрлі фирмалар мен кәсіпорындар құрылады т.с.с.

Қандай да болмасын бір қылмыстық істі тергеудің жетістігі тергеушінің осы қылмысты тек қана қылмыстық-құқықтық жағын түсінуінен ғана емес, оның криминалистикалық мәнін, яғни оның криминалистикалық сипаттамасын анықтаумен байланысты болады.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы деп әдетте қылмысты ашу және алдын алу үшін, түрлерді, топтарды және жекелеген қылмыстарды ғылыми зерттелген криминалистикалық мәні бар белгілерімен сипаттау, оларды жасау ерекшеліктері, оны жасаудың механизмі мен жағдайлары, қылмыс субъектісі жөнінде жеке мәліметтер жиынтығын айтады. Міне сол себептен, табысты жұмыс істеу үшін тергеуші өзі тергеп жатқан қылмыстың криминалистикадағы зерттелген типтік криминалистикалық сипаттамасы туралы түсінігі болуы керек [3].

Содан соң, осы түсініктердің негізінде тергеуді жүргізуге дұрыс бағыт және әдістерді табу үшін тергеліп жатқан қылмысқа қатысты криминалистикалық маңызы бар ақпараттарды тауып анықтай білуі керек.

Криминалистикада қылмыстарды тергеу әдістемесі қылмыстық-заңдық классификация жасау арқылы ғана емес осы әдістемені жетілдіру мақсатымен қылмыстың криминалистикалық классификациясын жасау арқылы зерттеп дайындалады.

Осы тұрғыдан қарағанда "қаржылық қылмыстар" түсінігі криминалистикалық сипаттамасы жағынан ұқсастығы бар, әсіресе қол сұғулық затын, қылмыс жасау әдісі және жасау жолдарын, құқықбұзушының тұлғасының типологиялық ерекшеліктерін көрсететін криминалистикалық түсінікке жатады.

Бұл түсінік бойынша осы қылмыстарға қылмыс құрамы бойынша ҚР ҚК қарастырылған мына баптарды жатқызуға болады: 189-бап. Заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау; 190-бап. Заңсыз кәсіпкерлік; 191-бап. Заңсыз банктік қызмет; 192-бап. Жалған кәсіпкерлік; 193-бап. Заңсыз жолмен алынған ақша қаражатын немесе өзге мүлікті заңдастыру; 194-бап. Несиені заңсыз алу және мақсатсыз пайдалану; 195-бап. Несиелік берешекті өтеуден әдейі жалтару; 206-

бап. Жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасау немесе сату; 207-бап. Жалған төлем карточкалары мен өзге төлем және есеп айырысу құжаттарын жасау немесе сату; 213-бап. Шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау; 215-бап. Банкроттық жағдайындағы заңсыз іс-әрекеттер; 216-бап. Әдейі банкроттық; 217-бап. Жалған банкроттық; 227-бап. Компьютерлік ақпаратқа заңсыз кіру, ЭЕМ үшін зиянды бағдарламаларды жасау, пайдалану және тарату.

Бұл аталған қылмыстардың қол сұғу затына мемлекеттің немесе жеке фирмалардың ақша қаражаттары, кәсіпорындар мен тұлғалардың теңге немесе шет ел валютасындағы қаражаты және қандай да бір болмасын товарлар мен мүліктері жатады.

Қаржы саласындағы қылмыстық акция көбінесе жалған құнды қағаздарды, чектерді, векселдерді, пластикалық төлем карталарын, қаржы құжаттарын, компьютерлік қаржылық ақпараттарды, сондай-ақ заңсыз пайда табу мақсатымен кредит алу және коммерциялық ұйымдарды құру құжаттарын жасау арқылы жасалады.

Қаржылық қылмыстарды тергеу барысында анықтауға жататын жағдайлар қылмыстың түріне байланыссыз көбіне дәлелдеу затына байланысты оның криминалистикалық сипаты арқылы анықталады.

Бірінші топ тергеліп отырған қылмыстың негізгі жағыдайына байланысты: қылмыстық қол сұғу заты (құнды қағаздар, теңге немесе валюталық сомалар және т.б.); қылмыстық акцияның жасау әдісінің механизмі (барлық сатылары), оны жасау жағыдайы (орны, уақыты, қаржы операцияларының ерекшеліктері, оларға бақылау жасау жағдайлары, басқа да локальдық және айналадағы жағыдайлары, іске әсер етуші басқа да логикалық әсер ету сипаттамалары, келтірілген зиянның сипаты мен көлемі, күдіктінің жеке басының ерекшеліктері, ұйымдасқан қылмыстық топтың құрамының структурасы мен рөлдерінің бөлінуі (егер оның жұмысы анықталса және күдікті осы топтың мүшесі болса).

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының екінші тобы айыпталушының кінәлілігін растайтын фактілерді біріктіреді және қылмыс жасау себебін оның ішінде қылмыстың дәрежесін ауырлатанын және жеңілдететін жағыдайларды анықтайды.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының үшінші тобы қылмысты жасауға мүмкіндік туғызатын алғы шарттар (белгілі бір қаржы операцияларын құқықтық реттеудің жеткіліксіздігі, кредиттік-қаржылық есеп айырысулар, операцияларды жүргізу ережелерінің кемшіліктері, есеп айырысу операцияларының жеткілікті дәрежедегі автоматтандырылмауы және т.б.

Төртінші топ белгілі бір дәрежеде криминалистикалық сипатта болады және оның мақсаты іс бойынша негізгі және қосымша ақпарат-

тарды анықтау болып табылады.

Бұл топтағы жағдайларды анықтау процесі: пайда болған тергеу болжамдарын тексеру, нақты мәліметтерді тексеру және бағалау, тексеріліп отырған істі криминалистикалық бағалау (қылмыс жасау әдісі, механизмі, құқықбұзушылардың типологиялық сипаттамасы) сондай ақ келтірілген зиянды анықтау және оның көлемін бағалау, ұрланған мүліктер мен бағалы заттарды өткізу әдістері және т.б.

Көбіне қарастырылып отырған қаржылық қылмыстардың негізгі сипаттары бір типтес болып келеді. Ал осы топтағы жекелеген қылмыстарды қарастыратын болсақ әрине, олардың криминалистикалық сипаттамасының нақты және өзіне тән сипаты болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2001 жылғы 3 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған жолдауы - "Елдегі жағдай және 2002 жылға ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы";

2. Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығы.

